САРАПТАМА




ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ:
**«ІШКІ САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ»**
идеологияны жүйелеуге жұмыс істейді

4

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №23-24 (6586) 18 наурыз, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ҮКІМЕТ

## ҚР Премьер-министрі Олжас БЕКТЕНОВ:

# ІЛГЕРІЛЕУГЕ БАСТАҒАН АЛТЫ ЖЫЛ:

## Қазақстан орнықты даму жолында




**Таяу күндері Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ел тізгінін қолына алғанына алты жыл толады. Осы уақыт ішінде Қазақстан коронавирус пандемиясынан бастап жаһандық геосаяси шиеленістерге дейінгі көптеген сын-қатерге қарамастан, экономикалық дамуда елеулі нәтижелерге жетті.**

**2024 жылдың соңында ЖІӨ 288 миллиард долларды құрады. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 14 мың доллардан асты. Қазақстан табысы жоғары елдер тобына едәуір жақындады.**

2–3

БОКС

# НАЗЫМ ҚЫЗАЙБАЙ – ҮШ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!

**Сербияда бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Ниш қаласында өткен чемпионат Қазақстан құрамасы үшін аса сәтті аяқталды.**

Бірнеше жылдық үзілістен кейін ұлттық құрама жоғары нәтижеге қол жеткізіп, ел қоржынына үш алтын, екі күміс және бір қола медаль салды. Бұған дейін әйелдер құрамасы 2016 жылы елордада өткен әлем біріншілігінде 4 алтын, 2 қола медаль жеңіп алған еді. Биылғы додаға Қазақстан толық құраммен қатысты.

Әлем біріншілігінде айтулы жеңістердің бірі – алматылық Назым Қызайбайдың тарихи жетістігі болды. Жарыс бойы қарсыластарына дес бермеген боксшымыз 48 келідегі финалдық айқаста ресейлік Юлия Чумгалакованы 5:0 есебімен жеңді. Осылайша Назым Қызайбай Қазақстан тарихындағы тұңғыш үш дүркін әлем чемпионы атанды. Ол бұған дейін 2014 және 2016 жылдары әлем біріншілігінде топ жарған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Назымды әлем чемпионатындағы тарихи жеңісімен құттықтап, оған зор табыс тіледі.

Одан бөлек, 50 келі салмақта Алуа Балқыбекова әлем чемпионы атанды. Сербияда Қазақстан Туын көкке көтерген спортшылардың бірі – Аида Әбікеева болды. Былтыр Азия біріншілігінде үздік шыққан ол биыл әлемдік деңгейдегі алғашқы алтын медалін иеленді. 63 келіде финалға шыққан Аида Әбікеева Тайланд өкілі Тананья Сомнуекті 5:0 есебімен жеңді.

Сонымен қатар, Виктория Графеева (60 кг) мен Елдана Тәліпова (+81 кг) әлем чемпионатының күміс жүлдесін иеленсе, Наталья Богданова (70 кг) қола жүлдеге жеңіп алды.

Жалпыкомандалық есеп – Қазақстан екінші орынға тұрақтады. Бірінші орын 4 алтын, 1 күміс, 2 қола жеңген Ресей спортшыларына бұйырды. Үздік үштікті 1 алтын, 2 күміс, 2 қоламен Түркия түйіндеді.

Әзірлеген
**Досбол АТАЖАН.**




(Сурет: Туризм және спорт министрлігі).

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**

**18.03.2025**

**Түнде:** +5+7 °С Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:** +17+19 °С Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**19.03.2025**

**Түнде:** +5+7 °С Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:** +20+22 °С Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**20.03.2025**

**Түнде:** +7+9 °С Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:** +22+24 °С Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

0 745178 614887

ҮКІМЕТ

## ҚР Премьер-министрі Олжас БЕКТЕНОВ:

# ІЛГЕРІЛЕУГЕ БАСТАҒАН

## Қазақстан орнықты даму жолында

*(Басы 1-бетте)*

Мемлекет басшысы мұнайдан тыс салаларды дамытуға басымдық бере отырып, экономиканы әртараптандыруды кезек күттірмейтін маңызды міндет ретінде айқындады. Аталған жұмыстың нақты нәтижесін қазірдің өзінде көріп отырмыз. Шикізаттық емес салалар экономикалық өсудің қозғаушы күшіне айналуда. 2019–2024 жылдар аралығында өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі 31,4%-ға, құрылыста 96,3%-ға өсті. Жалпы, өнеркәсіп құрылымында өңдеуші кәсіпорындар өз үлесі бойынша өндіруші сектормен теңесті.

Тек 2024 жылдың өзінде өңдеу өнеркәсібінде жалпы құны 1,3 триллион теңге болатын 180 инвестициялық жоба іске асырылды. Нәтижесінде аталған секторда соңғы онжылдықтағы ең жоғары көрсеткішке, шамамен, 6% өсімге қол жеткізілді. Алты жыл ішінде машина жасау секторындағы өндіріс үш есе өсті, өнеркәсіптік өндірістің жылдық орташа өсімі 20,3%-ды құрады.

Нақты сандарда, 2018 жылы 30 мың бірлікті құраған жеңіл автомобильдердің саны 134 мың бірлікке дейін жетті. Сол сияқты, жүк автомобильдері бойынша да алты еседен астам – 7,1 мың бірлікке дейін, автобустар бойынша жеті есеге, яғни 2,9 мың бірлікке дейін, арнайы техника шығару шамамен үш есеге, яғни 711 бірлікке дейін өсім тіркелді.




Коллажды жасаған Нұрбосын ОРЫСҰЛЫ.

### ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ІРІ КӘСІПОРЫН

- **Президент тапсырмасы бойынша мұнай-газ химиясын қарқынды дамыту қолға алынды. Еліміз шикізатты экспорттаудан оны терең өңдеуге біртіндеп бет бұруда. Полимерлер, композиттік материалдар, химиялық реагенттер өндіріліп жатыр.**

Мұның барлығы – әртүрлі салаларда сұранысқа ие қосылған құны жоғары өнімдер. Ірі жобалардың бірі – Атырау облысында іске қосылған KPI зауыты бүгінде полипропилен өндірісі жолға қойды. Зауыт өзінің қуаттылығы жағынан Орталық Азиядағы осындай өндіріс орындарының ішіндегі ең ірі кәсіпорын саналады.

Астықтың былтырғы рекордтық өнімі ауыл еңбеккерлерін мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін көрсетеді. Алты жыл ішінде агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға 2,5 триллион теңге бөлінді, бұл ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 1,8 есеге, яғни 8,3 триллион теңгеге дейін өсуіне ықпал етті. Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққанда еңбек өнімділігі бес жыл ішінде екі есе өсіп, 4,2 миллион теңгеге жетті. Ал азық-түлік өндірісінің көлемі 2,1 есе ұлғайды.

### ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕР БИІГІ

- **Отандық тауар өндірушілерді қолдау – Мемлекет басшысы басымдық берген негізгі бағыттардың бірі. Мемлекеттік сатып алуда машина жасау, металлургия, құрылыс, жеңіл және химия өнеркәсібі, сондай-ақ азық-түлік тауарлары бойынша тек қана қазақстандық өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі едәуір кеңейтілді.**

Осы орайда ұлттық даму институттары Қазақстан экономикасына салынатын инвестиция көлемін ұлғайта түсуде. Тек 2025 жылдың өзінде «Бәйтерек» холдингі арқылы 8 триллион теңге инвестиция салынады, ал 2027 жылға қарай Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бұл сома 10 триллион теңгеге дейін ұлғайтылады.

Серпінді дамуға қажетті маңызды шарттардың бірі – шетелдік инвестициялар Қазақстан экономикасына тұрақты тартылуда. Мұны шетелдік кәсіпкерлер тарапынан көрсетіліп отырған еліміздің экономикалық әлеуетіне деген үлкен сенім мен жоғары рейтингтер растап отыр. Атап айтқанда, 2024 жылы Қазақстан Moody's агенттігінің «Тұрақты» болжамымен өз тарихындағы ең жоғары Baa1 рейтингіне ие болды. Халықаралық S&P, Fitch рейтинг агенттіктері де Қазақстанның несиелік рейтингін инвестициялық сенімділік деңгейінде растады.

### ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

- **Соңғы алты жыл ішінде экономикаға 130 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестициялар тартылды. Шетелдік серіктестер өңдеу өнеркәсібі саласына көбірек инвестиция сала бастағанын атап өту маңызды. Оның көлемі 72,7 миллиард долларға жетті.**

БҰҰ Қазақстанды теңізге шыға алмайтын елдер арасында ірі ТШИ көлемін алушы ретінде екінші орынға шығарды.

Мемлекет басшысының белсенді дипломатиялық күш-жігерінің арқасында өзге елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастық дамып келеді. Нәтижесінде, соңғы алты жылда сыртқы сауда айналымы бір жарым есеге, 94,8 миллиард доллардан 141,4 миллиард долларға дейін өссе, экспорт көлемі 61,1 миллиард доллардан 81,6 миллиард долларға жетті.

Экспорт құрылымында өңделген тауарлар үлесінің артуы атқарылған жұмыстың елеулі нәтижесі болды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша олардың шетел нарықтарына экспорты 28,8 миллиард долларға жетті. Бұл 2018 жылғы көрсеткіштен шамамен екі есе жоғары. Машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен құрылғылар экспортының үлесі 1,1%-дан 5,8%-ға дейін артты. Экспорт құрылымындағы шикізаттың үлесі де барған сайын азайып, 2018 жылғы 74,5%-дан 2024 жылы 63,5%-ға дейін төмендеді.

Президенттің басшылығымен еліміздің инфрақұрылымын ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Ұзақ жылдар бойы жылу энергетикасы секторына тиісті көңіл бөлінбей келді: республика бойынша инфрақұрылымдық желілердің тозу деңгейі 65%-ға, ал жекелеген өңірлерде тіпті 90%-ға жетті. Қазір энергетика және коммуналдық салалардағы дағдарыстың ауыр кезеңін еңсере алдық. Егер 2019 жылы жылу көздерінің орташа тозу деңгейі 71%-ға жетсе, қазір оны 61%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік туды. Бұл жұмыс жалғасатын болады.

### ҰЛТТЫҚ ЖОБА

- **Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша былтыр 86 мың шақырым инженерлік желіні жаңғыртуды, сондай-ақ жаңа қуат көздерін іске қосуды көздейтін Ұлттық жоба іске асырыла бастады.**

Бұл технологиялық апаттар санын 20%-ға қысқартуға, еліміздегі энергетикалық және коммуналдық секторлардың тозу деңгейін орта есеппен 40%-ға азайтуға, генерацияны 7 ГВт-тан астам арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл бағытта отандық өндірістің қуатын барынша тартуға маңыз берілетінін айта кетеу керек. ТКШ саласы үшін өнім шығаратын кәсіпорындардың әлеуетін толық пайдалану жоспарланып отыр. Қазақстандық компаниялардың жоспарланған өнім көлемі шамамен, 3,5 триллион теңгені құрайды.

2019 жылдан бері электр энергиясын тұтыну 14%-ға өсіп, шамамен 120 миллиард кВт/сағ құрады. Халық санының өсуін, сондай-ақ жүргізіліп жатқан индустриялық даму және цифрландыру саясатын ескере отырып, энергия тұтыну одан әрі арта түседі деп болжанып отыр. Осыған орай, Президент тапсырмасы бойынша ядролық энергетиканы дамыту қолға алынды. Бірінші АЭС құрылысының ауданы анықталды. Тағы екі станция салу үшін құрылыс орындарын анықтау жұмыстары басталды.

### РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

- **Сондай-ақ, құрылыс индустриясы да рекордтық өсу қарқынын көрсетіп отыр. 2024 жылы пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 2018 жылмен салыстырғанда, 6,4 миллион шаршы метрге немесе 51,4%-ға артып, 19 миллион шаршы метрге жетті. 2019–2024 жылдар аралығында барлығы 97,8 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.**

Бұл қазақстандық ондаған мың отбасыға жылжымайтын мүлік сатып алуға және тұрмыс деңгейін жақсартуға ықпал етті.

Сонымен қатар, жолдардың құрылысы мен оларды жөндеу жұмыстары Президенттің тұрақты бақылауында. Соңғы алты жылда республикалық маңызы бар 4,4 мың шақырым автожолдарды, оның ішінде Орталық – Шығыс, Орталық – Оңтүстік, Талдықорған – Өскемен, Ақтөбе – Атырау – Астрахан және басқа да күре жолдарды реконструкциялау аяқталды. 2024 жылы 12 мың шақырым көлік магистралі құрылыс-жөндеу жұмыстарымен қамтылды, оның 8 мың шақырымы – республикалық, ал қалған 4 мың шақырымы жергілікті жолдарға тиесілі. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Сондай-ақ, кейінгі алты жылда 250-ге жуық жол бойындағы сервистік жаңа нысандар салынды. Жол бойында ұлттық стандартқа сай келетін қызмет көрсету нысандарының үлесі 52%-дан 90%-ға дейін ұлғайтылды.

Теміржол көлігі арқылы жүк тасымалдау көлемінің өсуімен қатар жолдарды жөндеу жұмыстарына деген қажеттілік те арта түсуде. Жыл сайынғы күрделі жөндеу көлемі 2019 жылмен салыстырғанда, 2024 жылы 41%-ға өсті. Алты жыл ішінде

# АЛТЫ ЖЫЛ:

барлығы 3 мың шақырым теміржолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

### АЛМАТЫ ТОРАБЫНЫҢ ЖҮКТЕМЕСІ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

- **Биыл Достық – Мойынты теміржол учаскесінің екінші желісінің құрылысы аяқталады, бұл өткізу қабілетін 12 жұп пойыздан 60 жұп пойызға дейін арттырады. Сондай-ақ, Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісі де Алматы торабының жүктемесін 40%-ға жеңілдетеді.**

Аталған жобаларды іске асыру Еуропа мен Қытай арасындағы жүк айналымын, сондай-ақ еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

2019 жылдан бері теңіз көлігі арқылы тасымалдау көлемі 20%-ға өсті. Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша айтарлықтай өсім қалыптасып отыр. Көлік инфрақұрылымын жаңғырту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың есебінен ТХКБ арқылы транзиттік тасымал көлемі 2019 жылдан бері алты есеге (2024 жылы – 4,5 миллион тонна), қазақстандық өнім экспорты 12 есеге өсті. Мемлекет басшысы жариялаған Астана – Арқалық – Торғай – Ырғыз жаңа тас жолы аталған бағытқа тың серпін бермек.

Елімізді газдандыру жұмыстары жалғасуда. 2025 жылдың басында 12 миллионнан астам адам табиғи газға қол жеткізді. 2024 жылы 1,7 мың шақырымнан астам газ желілері салынды. Биыл елдімекендерді газдандыру бойынша тағы 45 жоба іске асырылуда, бұл газбен қамтылғандарды 12,4 миллион адамға дейін, ал газдандыру деңгейін 62%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

### БЛОК-МОДУЛЬДЕР ОРНАТЫЛАДЫ

- **Басым міндеттердің бірі – қазақстандықтарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету және сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту. Соңғы жылдары ауқымды жұмыс атқарылды: егер 2019 жылы сумен жабдықтау қалаларда 97,2% және ауылдарда 86,4% болса, бүгінде бұл көрсеткіштер тиісінше 99,4% және 97,8%-ға жетті.**

6256 ауылдың ішінен 5523 ауыл сумен қамтылды. Қалған 833 ауыл осы жылдың соңына дейін таза суға қол жеткізеді. Соның ішінде 238 елді мекенде орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелері салынады, 595 ауылдық елді мекенде кешенді блок-модульдер орнатылады.

Астанадағы ауызсу тапшылығы мәселелерін шешу үшін Президент тапсырмасы бойынша 2023 жылы қуаттылығы тәулігіне 105 мың м³ болатын №3 сорғы-сүзгі станциясының құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, Сәтбаев атындағы каналдан су құбырын тарту жұмыстары басталды. Бұл елорданы сумен қамтамасыз ету мәселесін ұзақ мерзімге шешуге мүмкіндік береді.

Инфрақұрылымды жаңарту, газбен жабдықтау және жол құрылысымен қатар адамдарды төтенше жағдайлардан қорғау да маңызды орын алады. Қайғылы оқиғалар тізбегі ТЖ қызметтерінің материалдық-техникалық жарақтандыру ісінің түйткілді мәселелерін ашып берді.

### «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ

- **Президенттің тапсырмасы бойынша апаттық-құтқару жұмыстарын шұғыл әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін заманауи апаттық-құтқару техникалары, құрал-жабдық үлгілері сатып алынды. Соңғы алты жылда жабдықталу деңгейі 53%-дан 64%-ға дейін өсті және одан әрі өсе бермек.**

Аталған шаралар төтенше жағдайларға қарсы дайындық деңгейін жақсартып қана қоймайды, сонымен бірге қоғамдық қауіпсіздікті де арттыруға ықпал етеді. Халықты құлақтандыру жүйесі сияқты жаңа технологиялар қолданыла бастады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенді тәсілі ТЖ қызметтерін дамытуды ғана емес, сонымен қатар «Заң мен Тәртіп» қағидаты шеңберінде қылмысқа қарсы күрес және құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шараларды күшейтуді де қамтиды. 2019 жылдан бері қылмыс деңгейі 52%-ға, қоғамдық орындарда 60%-ға төмендеді.

Азаматтардың, әсіресе, әйелдер мен балалардың құқығын қорғауды күшейтуге басымдық берілуде. Қасым-Жомарт Тоқаев отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу туралы үнемі айтып келеді. Осы саясат шеңберінде отбасындағы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатуға бағытталған, ұрып-соғуды және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруді қылмыстық жазаға жатқызуды көздейтін заң қабылданды. Ол бұрын тек әкімшілік нормалармен реттеліп келген болатын.

### «ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ»

- **Сонымен қатар, Мемлекет басшысы жақында ғана өскелең ұрпақты қолдау шараларын жүйеге келтіруге және күшейтуге бағытталған «Қазақстан балалары» атты жаңа біртұтас бағдарламаны ұсынды.**

Биылғы 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайда Президент біздің еліміз әлеуметтік мемлекет болып табылатынын тағы да атап өтті. Әрі бұл әлеуметтік көрсеткіштердің өсуі бойынша мемлекеттің нақты шараларынан көрініс тауып отыр.

Соңғы алты жылда ең төменгі жалақы мөлшері кезең-кезеңімен екі есе, яғни 42 500 теңгеден 85 000 теңгеге дейін ұлғайды. Бұл, шамамен, 2 миллион азаматтың әл-ауқатына оң әсер етті.

600 мыңға жуық педагогтың жалақысы екі есеге артты, үш жыл ішінде дәрігерлердің жалақысы жыл сайын 30%-ға, орта медициналық персоналдың жалақысы 20%-ға көтерілді, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы 38 мың қызметкердің жалақысы екі есеге ұлғайтылды.

Көпбалалы отбасыларға олардың табысына қарамастан төленетін жәрдемақы енгізілді, бала күтімі бойынша төлемдер бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзартылды. Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер үшін арнайы төлем енгізілді.

### ӨМІРГЕ «АҢСАҒАН СӘБИ» КЕЛДІ

- **2019 жылдан бастап өмір сүру ұзақтығы 73 жастан 75 жасқа дейін ұлғайды. Жалпы, өлім-жітім 7,8%-ға, ана өлімі – 26,3%-ға, нәрестелердің шетінеп кету көрсеткіші – 15,8%-ға төмендеді. Бұған профилактиканың тиімділігін арттыру және скринингпен қамту деңгейін кеңейту ықпал етті.**

2019 жылдан бастап бүкіл еліміз бойынша 955 денсаулық сақтау нысаны салынды. Олардың ішінде Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық және Ұлттық жедел медициналық үйлестіру орталығы сияқты маңызды мекемелер бар.

Президенттің «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасының арқасында бала сүйе алмаған отбасыларда 2021 жылдан бері 9 мыңнан астам сәби дүниеге келді.

Денсаулық сақтау жүйесінің кадрлық әлеуетін арттыруға, әсіресе, ауылдық жерлерді қажетті мамандармен қамтуға ерекше назар аударылып келеді. Мәселен, ауылдық елдімекендерге кемінде 5 жыл мерзімге жұмысқа келген медицина қызметкерлеріне 8,5 миллион теңге мөлшерінде біржолғы ақшалай төлем енгізілді. Тұрғын үй мәселелерін шешудің қолжетімді құралдары бар.

### АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

- **Білім беру саласында атқарылып жатқан іс-шаралар мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығын жоюға, білім сапасын жақсартуға, педагог мәртебесін көтеруге бағытталған. Соңғы алты жылда 1367 балабақша ашылып, кезекте тұрғандардың санын 5 есеге қысқартуға қол жеткізілді.**

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балалары 100% тегін тамақпен қамтамасыз етілді.

2019 жылдан бері елімізде рекордтық көлемде – 1200 мектеп салынып, 1 миллионға жуық оқушы орны ашылды.

Ауылдық жерлердегі 3 мыңнан астам мектеп жаңғыртылды. Бұл 32 апатты жағдайдағы және 71 үш ауысымды мектептің мәселесін, сондай-ақ еліміздегі 200 мектептегі орын тапшылығын шешуге мүмкіндік берді.

Биыл шамамен, 200 мектептің құрылысы жалғасады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, аудан орталықтары мен ауылдарда 1 мың мектепті жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл өте маңызды бағыт, өйткені еліміздегі орта мектептердің 2/3 бөлігі ауылдық жерлерде орналасқан.

### «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ»

- **Президент жариялаған «Жұмысшы мамандықтары жылы» техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіруге тың серпін берді. Жаңа экономика үшін білікті әрі сұранысқа ие кадрларды даярлау мақсатында колледждер мен өнеркәсіптік кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастық нығайтылуда.**

Қазіргі уақытта 498 компания 410 білім беру мекемесін қамқорлыққа алды, «Жас маман» жобасы аясында 180 колледж жаңғыртылды. Колледж студенттерінің стипендиясы 50%-ға ұлғайтылды. ЖОО студенттеріне арналған 62 мың орынды 251 жатақхана пайдалануға берілді.

Ғылыми кадрларды қолдау да ерекше маңызға ие, әсіресе, соңғы алты жылда ғылымдағы жастардың үлесі алты есе өсіп, 46%-ды құрағанын ескерсек, бұл мәселенің өзектілігі арта түскенін байқауға болады. Ол үшін докторантураға бөлінетін білім беру гранттарының саны артып, ғылыми зерттеулер жүргізу мүмкіндіктері кеңейе түсуде.

Ғылыми жетістіктерді нақты экономика секторына енгізу және оларды коммерцияландыру – маңызды бағыттардың бірі. Биыл 2297 ғылыми жоба мен 299 ғылыми-техникалық бағдарлама жүзеге асырылуда. Жас ғалымдар ғылыми қызметке белсенді түрде тартылып, олардың қатысуымен 1055 жоба іске асырылып жатыр.

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға келетін болсақ, бүгінде 208 жоба қолданысқа сәтті енгізілді, 180-нен астам өндіріс сатылым кезеңіне шықты. Коммерцияландыру жобаларының еліміздің экономикасындағы жалпы үлесі 118,7 миллиард теңгені құрады. 2 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. 25 жоба экспортқа шықты, 6 жобаның сатылым көлемі 1 миллиард теңгеден астам сомаға жетті.

### ЖАҢА ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

- **Спорттық инфрақұрылым қарқынды дамып келеді. Алты жыл ішінде өңірлерде 314 дене шынықтыру-сауықтыру кешені және 58 бассейн салынды. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің саны 40-қа, яғни 481-ден 521-ге дейін ұлғайтылды.**

Нәтижесінде дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылданатын азаматтардың үлесі 31,5%-дан 41,4%-ға немесе 5,9 миллион адамнан 8,4 миллион адамға дейін өсті.

Мемлекет басшысының заңсыз иемденілген активтерді қайтарудан түскен қаражатты әлеуметтік міндеттерді шешуге бағыттау жөніндегі тапсырмасы әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртудың пәрменді құралына айналды.

Арнаулы мемлекеттік қордан білім беру, денсаулық сақтау, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру салаларында 280-ге жуық жобаны жүзеге асыруға, сондай-ақ инженерлік желілер мен су шаруашылығы нысандарын жаңғыртуға 194 миллиард теңгеден астам қаражат аударылды.

Мемлекет басшысы жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу міндетіне басымдық беріп отыр. Бұл экономикалық өсудің жаңа қозғаушы күшіне айналуға тиіс.

### ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

- **Қазақстан IT-қызметтер экспортын ұлғайта отырып және осы бағытта елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, Орталық Азия елдері арасында сенімді түрде көш бастап келеді. Бұл сала бойынша еліміздің бәсекелестік артықшылықтары жетерлік.**

Цифрлық шешімдер түрлі салаларға дендеп еніп, олардың тиімділігі мен жедел дамуын қамтамасыз етті. Балабақшаларда «Отбасының цифрлық картасы», «Әлеуметтік әмиян» және цифрлық ваучерлер белсенді қолданылады, QazaqLaw (заңнамалық база бойынша көмекші), LLM ұлттық тілдік моделі жасалды, «Бизнестің цифрлық картасы» және басқа да жобалар әзірленуде.

Соңғы бес жылда инновациялық өнім көлемі екі еседен астам, 1,1 триллион теңгеден 2,4 триллион теңгеге дейін өсті.

ЖИ дамуына жәрдемдесу үшін Президент тапсырмасы бойынша «Астана» халықаралық қаржы орталығының базасында қаржыландырудың мақсатты көлемі 1 миллиард долларды құрайтын Qazaqstan Venture Group қорларының венчурлық қоры құрылды.

Қор Қазақстан мен Орталық Азияның инновациялық жобаларына басымдық бере отырып инвестиция салады.

Биыл еліміздің жедел цифрлық трансформациясына ықпал ететін Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылады.

Ұлттық құрылтай отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік, энергетика, агроөнеркәсіп секторы және адам капиталының даму әлеуеті жоғары екенін ерекше атап өтті. Үкімет жүктелген міндеттерді орындауға бар күш-жігерін салады.

Көріп отырғанымыздай, соңғы 6 жыл ішінде атқарылған жұмыс аз емес, бірақ алда бұдан да ауқымды міндеттер тұр.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тегеурінді басшылығымен Қазақстан үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, өзінің орасан зор әлеуетін толық іске асыратынына сенімдімін.

**ДЕРЕККӨЗ:**
**ҚР Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы, 17 наурыз, 2025 жыл.**

## ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ:

# «ІШКІ САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ»

## идеологияны жүйелеуге жұмыс істейді

**14 наурыз күні Бурабайда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы өтті. Құрылтайды сол күні өткізудің саяси-идеологиялық астары бар. 14 наурыз – «Амал күні». Президент өз сөзінде бұл күннің маңыздылығына тоқталды. Бұдан басқа Мемлекет басшысы бірнеше маңызды бастама көретіп, қоғамда талқыға түскен мәселелер бойынша өз пікірін айтты. Солардың ішінде идеология саласына қатысты көтерілген мәселелерге жеке тоқталуға тура келеді.**




(Дереккөз: Akorda.kz).

### Салық реформасы – басты назарда

Президент ең алдымен салық реформасына қатысты мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысының мәлімдемелерін жіктеп көрсетер болсақ, салық реформасы келесі үш шараны қамтиды:

**1. ҚҚС мөлшерін арттыру.** Биыл Үкімет қосымша құн салығын 20%-ға көтеру туралы бастама көтерді. Алайда, бастама қоғам мен бизнес тарапынан сынға ұшырады. Мұны ескерген Үкімет салықты 16%-ға көтеру туралы ұсынысты Парламентке жолдады. Қазір талқылау жүріп жатыр. Президент Үкіметтің ұсынысының орынды екенін айтты. Қандай шешімге келетіні алдағы уақытта белгілі болмақ. Ашығын айту керек, ШОБ-ке орта және ұзақ уақыттық перспективада бәсекелестікке төтеп беруіне тура келеді.

**2. Әлеуметтік сала бюджетін оңтайландыру.** Қазақстан конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік осал топтағы азаматтарды қолдау мемлекеттің қоғам алдындағы басты міндеті. Дегенмен, мемлекеттік қолдау шынымен де қажет азаматтарға бөлінуі тиіс. Сондықтан Президент әлеуметтік салаға бөлінетін қаражатты оңтайландыруды жыл соңына дейін аяқтауды тапсырды.

**3. Бизнесті бөлшектеуге тосқауыл қою.** Шыны керек, кейбір кәсіпкерлер салықты аз төлеу үшін жеке кәсібін бөлшектейді. Бұған қолданыстағы заң да мүмкіндік беріп отыр. Бір жағы кәсіпкерлерді де айыптай алмаймыз. Себебі, жалпы бизнестің табиғаты сол салықты барынша аз төлеуге ұмтылады. Дегенмен, әлеуметтік әділеттілік пен жауапкершілікті де ұмытпаған жөн. Сондықтан Президент заңға тиісті өзгеріс енгізуді тапсырды.

### Құрылтай мүшелері қандай бастамалар көтерді?

14 наурызға дейін Ұлттық құрылтай мүшелері секциялар бойынша жиындарға қатысты. Онда мемлекет пен қоғам дамуына қатысты ұсыныстар енгізді. Олар келесідей:

• ***Алаяқтықпен күрес.*** Оның ішінде интернет-алаяқтық, жалған психологтар мен коучтардың қызметіне тосқауыл қою.

• **Қоғамдық әдепті сақтау.** Әлеуметтік желіде құқықтық сауаттылықты дамыту.

• **Діни ахуалды реттеу.** Жат және теріс діни ағымдарға тосқауыл қою мақсатында «Діни ұйымдар қызмет реттейтін» заңға түзетулер енгізу.

• **Әйелдер колониясындағы жағдайды реттеу.** Кәмелетке толмаған балалары бар сотталған әйелдерге құқықтық қолдау көрсету ұсынылды.

• **Кәсіптік білім сапасын арттыру.** Колледждегі білім беру бағдарламаларын өндіріспен ұштастыруды жақсарту ұсынылды.

• **Ішкі саясат тұжырымдамасын әзірлеу.** Идеологиялық саланы жүйелендіру мақсатында біртұтас құжат даярлау ұсынылды.

### «Ішкі саясат тұжырымдамасы» қабылданады

Ұлттық құрылтай мүшелері Еділ Жаңбыршин, Айдос Сарым, Никита Шаталов, Гүлмира Илеуова, Андрей Чеботарев, Данияр Әшімбаев, Марат Шибұтов және басқа да азаматтар идеология саласында «Ішкі саясат тұжырымдамасын» қабылдауды ұсынды. Бұл туралы Президент өз сөзінде атап өтті. Аталмыш тұжырымдама алғаш рет қабылданатынын атап өткен жөн.

Президенттің сөзін талдай келе, бұл тұжырымдамада мынадай мәселелер қамтылатынын болжауға болады:

• Ономастика саласын жетілдіру.

• Мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіру.

• Жасампаздық құндылықтарын дәріптеу.

• Әлеуметтік кеселдерді жою.

• Азаматтық қоғамды дамыту.

Мұның бәрі саясат ұғымының ауқымын кеңейтеді. Себебі, елдімекендер мен көше атауларын беру, түрлі марапаттарды тағайындау секілді мәселелер еліміз үшін өзекті. Әрі осы мәселелерді ретке келтіру арқылы жершілдік, рушылдық, жемқорлық тәуекелдері секілді әлеуметтік кеселдерге тосқауыл қоямыз.



**Пердехан ШӘМШИЕВ,**
**сарапшы.**

ӨНЕРКӘСІП

# ИНДУСТРИАЛДЫҚ ДАМУ

## тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етеді

**2025 жылы Қазақстанда соңғы бес жылдағы ең көп индустриалдық жоба жүзеге асырылмақ. Биыл елімізде жалпы құны 1,5 трлн теңге болатын 190 жоба іске қосылып, 20,1 мың жаңа жаңа жұмыс орны құрылатын болады. Аталмыш жобалар толық қуатына шыққанда өндіріс көлемі 2,2 трлн теңгеге дейін жетеді деп күтілуде.**

**Гүлжанат**
**СЕМБАЕВА**



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Қазақстанда сутегі пероксиді, сұйық шыны, күкірт қышқылы, минералды тыңайтқыштар, полипропилен және сары фосфор өндірісі ұлғайтылады. Бұл жобалар химия саласының дамуына және нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Биыл сэндвич-панельдер, керамикалық кірпіш, құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын жаңа зауыттар іске қосылады.

2025–2035 жылдары министрлік металлургия, машина жасау және химия өнеркәсібі салаларында 9 ірі жобаны жүзеге асырады. Олар жобалық қуатына жеткенде өндірілетін өнім көлемі шамамен, 7,3 млрд долларды құрайды.

Аталмыш жобаларға 6 трлн теңге көлемінде инвестиция тартылып, 12 мың жұмыс орны ашылады. Бұл жобалар Президенттің тапсырмасымен әзірленген, олар 25 мың жұмыс орнын ашуды көздейтін 17 ірі жоба тізімінің бір бөлігі. Барлық жоба жоғары технологиялық кластерлерді құруға бағытталған.

Жоғарыда аталған тоғыз жобаның екеуі 2025 жылы іске қосылады. Қостанай облысында 1500 жұмыс орнын қамтамасыз ететін KIA автокөліктерін шығаратын зауыт іске қосылады, ол жылына 70 мың автокөлік өндіреді. Алматы қаласындағы Changan, Chery және Haval маркаларының автокөліктерін шығаратын мультибрендті зауыт 3600 жұмыс орнын қамтамасыз етіп, жылына 90 мың көлік шығаруға мүмкіндігі бар.

Автомобиль өнеркәсібіндегі жаңа жобалардың арқасында 2025 жылы саладағы өндіріс көлемі 5%-ға артады деп күтілуде. Жоспар бойынша 149 мың жеңіл көлік шығарылуы қажет (2024 жылы бұл көрсеткіш 134 мың болған).

Қазақстанда соңғы бес жылда алғаш рет өңдеу өнеркәсібінде 5,9% өсім тіркелді. Өсім көрсеткіші негізінен металлургия (+6,9%), машина жасау (+9,7%), химия өнеркәсібі (+7,7%) және басқа салалардағы өндіріс көлемінің артуына байланысты болып отыр. Жалпы, өндіріс көлемі 24,5 трлн теңгені құрады.

Түсті және қара металлургия салалары тұрақты өсім көрсетуде. Мыс, алюминий, цинк және қорғасын өндірісі мен қайта өңдеу көлемдері ұлғаюда. Құрылыс материалдары өндірісі де қарқынды дамып, ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандырып, өнімді экспортқа шығаруға мүмкіндік беруде.

Индустриалды жобаларды жүзеге асыру үшін Қазақстанда 15 арнайы экономикалық аймақ және 51 индустриалды аймақ жұмыс істейді.

Бүгінде Қазақстанның 8 облысында (Астана, Шымкент, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары) 34 шағын өнеркәсіп аймақтары жұмыс істейді. 2025 жылы 14 облыста шағын өнеркәсіп аймақтарын құру жоспарланып отыр.

2024 жылы өңдеуші өнеркәсіп саласында 163 жоба, ал тау-кен саласында 17 жоба іске асырылды. Жалпы, инвестициялар сомасы 1,3 трлн теңгеден асқан.

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Бауыржан ЫСҚАҚ,**
**экономика ғылымының кандидаты, қаржыгер:**

**МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ – ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ**

Өнеркәсіп әлеуетін қалыптастыру үшін өндірістік қуаттар, еңбек ресурстары, инновациялық және технологиялық әлеуеттің, қаржылық және экологиялық бағыттар үйлесімді дамуы қажет. Жасыратыны жоқ, кейінгі өңдеуші секторға басымдық беріліп, шикізатқа тәуелділікті азайту мақсатында индустриялық даму бағдарламалары іске асырылып жатыр. Өңдеуші секторға баса назар аударып отыр.

Мысалы, биыл1,5 трлн теңгеге 200-ге жуық жоба іске қосылып, 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Егер бұл жобалар толық іске асса, олардың экономикалық үлесі 2 трлн теңгеге дейін жетуі мүмкін.

Сонымен қатар, химия өнеркәсібі саласында да серпін байқалады. Сутегі пероксиді, сұйық шыны, күкірт қышқылы өндірістерінің дамуы дайын өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы, мемлекеттің негізгі бағыты – экономиканы әртараптандыру. Өңдеуші секторды дамыту арқылы импорттық өнімдермен бәсекелесуге қабілетті отандық тауарларды шығару көзделіп отыр.

Мемлекет тарапынан өңдеуші секторға айтарлықтай қолдау көрсетіліп отыр. Бірақ осы қаржылай қолдаудың тиімді игерілуін қадағалау маңызды. Егер қаражат нақты мақсаттарға жұмсалып, дұрыс бақылау жүргізілсе, экономиканы әртараптандыру саясаты табысты жүзеге асады.

**Алматы – табиғаты көркем, қала сәулеті айрықша, тарихқа бай мегаполис. Қалада кеңестік дәуірдегі классикалық ғимараттар мен ұлттық нақыштағы нысандар және заманауи зәулім ғимараттар үйлесім тапқан. Соңғы жылдары Алматыда урбанизация мен инфрақұрылымдық даму қарқынды жүріп жатыр. Жаңа тұрғын үй кешендері, бизнес-орталықтар, мәдени және сауда орындары бой көтеруде.**

**Айталық, Esentai, Tower, Almaty Financial District, «Алмалы» ТК, Talan Towers Almaty сынды зәулім ғимараттар қаланың заманауи бейнесін қалыптастырып келеді. Дегенмен, табиғат кейде бізге сейсмикалық қауіпті естен шығармауды ескертіп тұрады. Олай болса, Алматы үшін қала сәулеті мен сейсмикалық қауіпсіздік теңгерімін қалай сақтаған орынды?**




Коллажды жасаған Нұрболат ӨРІСҰЛЫ.

# СӘУЛЕТ ПЕН СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

## Алматының құрылыс саласындағы жаңа трендтері қандай?

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде Алматы құрылыс саласында жаңа технологиялар мен урбанистикалық даму концепцияларын белсенді түрде енгізуде. Қаланың Бас жоспарына сәйкес, 2040 жылға дейінгі құрылыс ережелері мен даму бағыттары бекітілген. Мегаполис полицентрлік даму стратегиясын қабылдап, әр ауданның өмір сүру сапасын жақсартуға және экономикалық белсенділікті тең таратуға басымдық беріп отыр. Сондай-ақ, индустриалды аймақтарды жаңарту және тұрғын үйлерді реновациялау қолға алынуда.

### ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

Құрылыс саласында жаңа технологиялардың енгізілуі еңбек өнімділігін арттырып, шығындарды азайтуға және қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді. Соңғы жылдары келесі инновациялар кеңінен қолданыла бастады:

- **Роботтандырылған құрылыс** – Кірпіш қалау, бетон құю және құрылыс алаңдарын бақылау үшін роботтар пайдаланылады.
- **Заттар интернеті (IoT)** – Ақылды құрылғылар арқылы құрылыс нысандарының жағдайы онлайн бақыланып, қауіпсіздік шаралары күшейтіледі.
- **Дрондардың рөлі** – Жоғары дәлдіктегі 3D модельдер жасау, құрылыс барысын бақылау және шығындарды азайту үшін дрондар қолданылады.
- **Виртуалды және толықтырылған шындық (VR/AR)** – Жобаларды визуализациялауға, тапсырыс берушілерге ғимараттардың нақты көрінісін көрсетуге мүмкіндік береді.
- **Қайта өңделген құрылыс материалдары** – Экологиялық таза материалдар мен қайта өңделген бетон, гранит секілді құрылыс қалдықтарын қолдану трендке айналды.
- **Нанотехнологиялар** – Өзін-өзі тазартатын әйнектер мен берік жабындар ғимараттардың төзімділігін арттырады.
- **Ақылды басқару жүйелері** – Жарықтандыру, жылыту және қауіпсіздік жүйелерін автоматтандыру арқылы энергияны үнемдеуге мүмкіндік береді.
- **Жіксіз құрылымдар** – Жаңа материалдар ғимараттардың беріктігін арттырып, құрылыс жылдамдығын үдете түседі.
- **3D-принтинг және модульдік құрылыс** – Құрылыс материалдарын үнемдеуге, қалдықтарды азайтуға және нысандарды тез тұрғызуға көмектеседі.

### СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ ТАЛАП

Алматы – сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан қала. Қаланың таяу заманғы тарихының өзінде бірнеше ретті жойқын жер сілкінісі тіркелгені. Соның ең елеулілері – 1887 жылғы зілзала, 1911 жылы болған Кемин жер сілкінісі және 1970 жылы болған дүмпу. Сол кезден бастап сейсмологиялық қауіпсіздік пен зерттеу күшейтілген. Кеңес кезінің өзінде Алматыдағы құрылыс нысандары орташа 8-9 балдық жер сілкінісіне төзімді етіп салыну талабы болған. Бірақ ол кездің техникалық мүмкіндіктерін толық жете қойды деуге келмейді.

Бүгінде Алматыда сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бірқатар іс-шаралар қолға алынған. Тұрғын үйлер мен ғимараттардың беріктігін арттыру, заңсыз құрылыстармен күресу және төтенше жағдайларға дайындықты күшейту негізгі басымдыққа айналды.

Қала әкімі Ерболат Досаев 2023 жылдың екінші жартысынан бастап ғимараттардың сейсмикалық төзімділігіне тексеріс жүргізілетінін мәлімдеген болатын. Бұған дейінгі 2017-2018 жылдары жасалған сейсмикалық аудит нәтижесінде Алматы аумағын 27 тектоникалық жарықшақ кесіп өтетіні анықталған. Осыған байланысты қала билігі таулы аймақтардағы заңсыз құрылыстарға бақылауды күшейтіп, қауіпті аумақтарда салынған нысандарды сүру жұмыстарын жалғастырып келеді.

### ЖАҢА БАҒЫТ

Алматыда қала келбетін сақтау және бақылаусыз құрылысқа жол бермеу мақсатында жаңа құрылыс ережелері енгізілді. Жаңа құрылыс ережелері нені реттейді?

**1. «Нүктелік құрылысқа» тыйым салу**

Қала тұрғындарының басты шағымдарының бірі – тұрғын аудандардағы, жасыл аймақтардағы және балалар алаңдарындағы заңсыз әрі тығыз құрылыс. Жаңа ережелерге сәйкес, бұл аумақтарда кез келген жаңа құрылыс жұмыстарына қатаң тыйым салынды. Бұл шешім тұрғын үйлердің маңындағы кеңістікті сақтау және балалар мен тұрғындардың демалысына арналған аулаларды қорғау үшін қабылданды.

**2. Қоғамдық орындарда ЖМҚС және ТҚҚ салуға шектеу**

Жаңа ережелер орталық магистральдарда, әлеуметтік нысандар мен халық көп жиналатын орындардың маңында жанармай құю және техникалық қызмет көрсету станцияларын (ЖМҚС және ТҚҚ) салуға тыйым салады. Бұл шешім қауіпсіздік деңгейін арттырумен қатар, қоғамдық кеңістіктердің көлік инфрақұрылымымен шамадан тыс жүктелуіне жол бермеуге бағытталған.

**3. Табиғи ландшафтты өзгертуге тыйым салу**

Қала кеңістігін кеңейту үшін шатқалдар мен сайларды толтыру немесе тау бөктерлерін өзгерту тәжірибесі табиғатқа кері әсерін тигізеді. Жаңа ережелер Алматының табиғи ерекшеліктерін сақтау үшін осындай әрекеттерге қатаң тыйым салады. Бұл шешім экожүйені қорғап, қаладағы көшкін және сел қаупін азайтуға көмектеседі.

### ЗАМАНАУИ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Қаламыздағы құрылыс саласында жер сілкінісіне төзімді технологиялар енгізілуде. Қазіргі таңда ғимараттардың беріктігін арттыру үшін:

- Арнайы сейсмикалық тұрақтандырғыштар мен амортизациялық құрылғылар орнатылады.
- Жеңіл әрі берік құрылыс материалдары пайдаланылады.
- Ғимарат іргетасы күшейтіліп, көпқабатты нысандар арнайы инженерлік шешімдер арқылы салынады.
- Жаңа тұрғын үй кешендері мен бизнес орталықтарында сейсмикалық қауіпсіздік талаптары қатаң сақталады.

Түйіндей келгенде, Алматы құрылыс индустриясы жаңа технологиялар мен инновацияларға сүйене отырып дамып келеді. Қала сәулеті урбанистикалық трендтер мен қауіпсіздік талаптарына сай жаңарып, мегаполистің өмір сүруге қолайлы әрі заманауи орталыққа айналуына ықпал етуде.

### ЖАҢА АУДАНДАРДА ЖҰМЫС ҚАРҚЫНДЫ

Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының мәліметінше, 2024 жылы Алматыда тұрғын үй құрылысының қарқыны біршама төмендеп, пайдалануға 2,42 млн шаршы метр тұрғын үй берілді. Қазіргі негізгі құрылыс жұмыстары қалаға жаңадан қосылған Алатау, Наурызбай, Түрксіб аудандарында, сондай-ақ Алмалы, Бостандық, Жетісу және Медеу аудандарында жүргізілуде.

Құрылыс саласын реттеу мақсатында 2024 жылдың соңында қалалық мәслихаттың шешімімен қалақұрылыстық регламенттер мен құрылыс салу қағидалары бекітілді. Сонымен қатар, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау туралы заң және Алматы қаласының «Дизайн-коды» негізінде қаланың тарихи орталығында салынатын ғимараттардың биіктігі мен қасбеті айналадағы сәулет үлгісіне сай болуы тиіс. Тарихи және сәулет ескерткіштерінің қорғау аймақтарында құрылыс жүргізуге тыйым салынған.

Осылайша Алматыда құрылыс жұмыстары әр салада қажеттілікке қарай жүргізіліп, тарихи келбетті сақтау мен қаланың үйлесімді дамуына басымдық берілуде.

**ТҮЙІН:**

**Көп жылдан бергі бақылаусыз құрылыс қаланың табиғи ерекшеліктерге қауіп төндірді. Жаңа құрылыс ережелері осы мәселені шешуге бағытталған және мынадай маңызды нәтижелерге алып келеді. Ең бірінші, қала тұрғындары үшін қолайлы өмір сүру ортасы сақталады. Екіншіден, жасыл аймақтар мен қоғамдық кеңістіктер қорғалады. Үшінші кезекте, экологиялық тұрақтылық пен табиғи ландшафт сақталады. Төртіншіден, қаланың сәулеттік келбеті мен тарихи ерекшеліктері сақталып, Алматы өз бірегейлігін жоғалтпайды.**

# СЕЙФУЛЛИН САЯБАҒЫ:

## Алматыны аялау – өзімізден басталады

**Алматы – жасыл желекке оранған, көздің жауын алар көрікті қала. Алайда, мегаполистің сәні мен салтанаты тек табиғат сыйлаған сұлулықпен өлшенбейді. Оны аялау, күтіп-баптау – әрбір тұрғынның ортақ міндеті. Осы мақсатта «Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық акциясы аясында Түрксіб ауданында ауқымды сенбілік ұйымдастырылды.**

Рая ЕСКЕНДІР

Бұл күні «Сейфуллин саябағы» мен оның маңайындағы аумақ түгелдей тазартылып, абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға 200-ден астам қала тұрғыны мен еріктілер жұмылдырылып, табиғатты қорғауға өз үлестерін қосты. Сенбілік барысында саябақтың 9 гектар аумағы қыстан қалған қоқыстардан арылып, тозығы жеткен орындықтар мен қоқыс жәшіктері жаңартылды. Ал ағаш сарапшылары апатты деп танылған ескі ағаштарды анықтап, олардың орнына көп жылдық қылқан жапырақты шыршалар отырғызды. Тазалық жұмыстарына 5 бірдей арнайы техника тартылып, кең көлемде жұмыстар атқарылды.

Түрксіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров бұл игі бастаманың маңыздылығына тоқталып, қала тұрғындарын қоршаған ортаны таза ұстауға шақырды.

– Алматы – біздің ортақ үйіміз. Оның көркеюі мен жайлы қалаға айналуы әрқайсымызға байланысты. Бүгінгі сенбілік – экологиялық тазалықты сақтаудың, табиғатқа жанашырлық танытудың нақты көрінісі. Бірақ тазалық тек сенбілікпен шектелмеуі тиіс. Әрбір азамат қаланың экологиясына, оның көріктілігіне күнделікті мән беруі қажет, – деді аудан басшысы.

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты аялау – әр адамның міндеті. Осы орайда сенбілікке Қазақ мемлекеттік циркінің әртістері де арнайы келіп, белсене атсалысты. Олардың қатарында каскадерлік «Nomad» тобының мүшелері де бар.

Сенбілікке қатысушылар саябақтың тазарып, жаңарғанын көріп, еңбектерінің жемісін сезінді. Бұл – тек экологиялық іс-шара ғана емес, қоғамның табиғатқа деген жанашыр көзқарасын қалыптастыратын өнегелі іс.

ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

# ҚР Төтенше жағдайлар министрі Алматыда «Таза Қазақстан» акциясына қатысты

**Алматы және Алматы облысына жұмыс сапары барысында ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Шыңғыс Әрінов жаңартылған №8 өрт сөндіру бөлімінің жұмысымен танысты. Алмалы мен Жетісу аудандарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бұл бөлім – қаладағы ең көне өрт сөндіру бөлімшелерінің бірі.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

2024 жылдың шілдесінде басталған күрделі жөндеу кезінде ғимараттың инфрақұрылымы толық жаңартылып, инженерлік жүйелер – сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, кәріз және желдету жүйелері ауыстырылды. Өрт сөндірушілерге арналған жаңа жаттығу алаңы орнатылып, демалыс бөлмелері, асхана және қызметтік кабинеттер жаңғыртылды. Генерал-майор Әріновтың сыйға тартқан воркаут алаңы қызметкерлердің физикалық дайындығын арттыруға мүмкіндік береді.

– Инфрақұрылымды жаңарту – тек еңбек жағдайын жақсарту ғана емес, сонымен қатар Алматы тұрғындарының қауіпсіздігін арттыру. Қазіргі заманғы жабдықтар кез келген төтенше жағдайға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді, – деді министр.

Сапар аясында Шыңғыс Әрінов «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысып, өрт сөндіру бөлімінің аумағына шырша көшеттерін отырғызды.

– Бұл – бір реттік шара емес. Алматыдан басталған бұл бастама алдағы уақытта да жалғасады, – деп атап өтті ТЖ басшысы.

Қазіргі таңда №8 өрт сөндіру бөлімінде 60 жоғары білікті маман қызмет атқарады. Бөлімше төрт өрт сөндіру автоцистернасы, автосаты, жедел әрекет ету көлігі және көпфункционалды өрт сөндіру машинасымен жабдықталған.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Тарихтан бір үзік**

- №8 өрт сөндіру бөлімі – Алматыдағы ең көне бөлімдердің бірі.
- Тарихы 1877 жылы Верный қаласында алғашқы өрт сөндіру командасының құрылуынан басталады.
- 1937 жылы өртке қарсы қызмет екіге бөлініп, №8 бөлім жеке құрылым ретінде қалыптасты.
- 1970 жылы қазіргі Райымбек даңғылында жаңа өрт депосы салынды.

СЕНБІЛІК

# АЛАТАУ АЖАРЛАНА ТҮСТІ

**Республика көлеміндегі «Таза Қазақстан» бағдарламасына «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны айрықша үн қосып келеді. Өткен демалыс күндері экологиялық игі іс-шара Алатау ауданында сенбілікке ұласты. Онда бірқатар мәдениет қайраткерлері мен қала тұрғындары тазалық жұмыстарына атсалысты.**

Досбол АТАЖАН

Сенбілік Момышұлы мен Мөңке би көшелерінің қиылысындағы саябақта өткізілді. Алатау ауданы әкімдігі Көріктендіру бөлімінің бас маманы Мадияр Абуев іс-шара аясында орындықтар сырланып, саябақ және футбол алаңының аумағы қоқыстан тазаланғанын атап өтті.

– Бүгінгі іс-шараға Мәдениет басқармасының, Спорт басқармасының және Алатау ауданы әкімдігінің қызметкерлері, сондай-ақ 3 мердігер мекеме жұмысшылары қолғабыс етуде. Айналаны тазалап қана қоймай, жолға шығып тұрған ағаштарды бұтап ретке келтірілуде, – деді ол сенбілік әредігінде.

Ал ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қарагөз Сулейменова қала тұрғындары арасында тазалық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды.

– «Таза Қазақстан» науқаны екі жылдай өтіп жатыр. Бұл өте маңызды мәселе. Біз тұрған жерімізге, жүріп жүрген жолымызға жанашырлықпен қарамасақ, Алматыдай керемет қаламыз қалай гүлдейді. Осындай бастамалар арқылы біз өсімізді ғана емес, балаларымызды да тәрбиелейміз. Біздің ішкі мәдениетіміз биік болуы керек, – деді Қарагөз Сүлейменова.

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ

## жүректен шыққан шынайы мейірім

**Алматыдағы Қаркен Ахметов атындағы мектеп-интернат-колледж ұжымы мен оқушылары Наурыз мерекесіне орай ерекше іс-шара өткізді. 15 наурыз – Қайырымдылық күніне байланысты олар мүмкіндігі шектеулі үш баланың үй ішіне көмек көрсетті.**

Ернұр РЫСБАЙ

Колледждің тәрбиешісі Гүлмира Желдібаева атап өткендей, бұл игі іс жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіледі. Биылғы іс-шара аясында көмек Медеу ауданның әлеуметтік қорғау бөлімінде тіркелген үш балаға бағытталды.

Бұл балалар мектепке бармайды, үйден білім алады. Олардың отбасыларына материалдық және моральдық қолдау көрсету мақсатында мектеп-интернат-колледждің қызметкерлері мен оқушылары бірлесе қайырымдылық шарасын ұйымдастырды.

– Бізде арнайы ұйым бар, оның басында оқушылардан сайланған көшбасшылар тұрады. Олар әрбір іс-шараны мұқият ұйымдастырып, оқушылар мен ұжым арасынан қаражат жинауға көмектеседі. Биыл да барлығымыз өзіміздің шама-шарқымызға қарай үлес қостық, – дейді Гүлмира Желдібаева.

Бұл қайырымдылық іс-шарасы балалардың ата-аналарына да үлкен қуаныш сыйлады. Солардың бірі – Айдана Телібаева өз алғысын білдірді:

– Осындай іс-шаралар бізге үлкен демеу. Баламыз ерекше күтімді қажет етеді, сондықтан әрбір қолдау біз үшін өте маңызды. Қаркен Ахметов атындағы мектеп-интернат-колледж ұжымына, оқушыларына және барлық қатысқан жандарға шын жүректен рақмет айтамын. Сіздердің мейірімдеріңіз бізге жігер береді. Мұндай қайырымдылық іс-шаралары қоғамда мейірімділік пен жанашырлықтың бар екенін көрсетеді. Баршаңызға амандық пен жақсылық тілеймін!

Қайырымдылық – тек материалдық көмек қана емес, жүректен шыққан шынайы мейірім. Осындай игі бастамалар көмекке мұқтаж жандарға үміт сыйлап, қоғамдағы ізгілік пен бірлікті нығайтады.

АВИАЦИЯ

# 9 МИЛЛИОН ЖОЛАУШЫ:

## Air Astana табысының кілті неде?

**Air Astana 2024 жылдың 4-ші тоқсаны мен жылдық қаржылық және операциялық нәтижелерін жариялады.**

2024 жылы Air Astana компаниялар тобы өз стратегиясын сәтті жүзеге асырып, табыстылықты сақтап, шығындарды бақылауда ұстады және айтарлықтай өсімге қол жеткізіп, рекордтық 9 миллион жолаушыны тасымалдады. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда, шамамен 1 миллион жолаушыға көп, әрі Топтың екі брендінде де сыйымдылықты ұлғайтуды жалғастыруы нәтижесінде жоғары сұраныстың көрсетеді.

Сыйымдылықты белсенді басқару екі бренд бойынша да қарқынды өсімге ықпал етті. Бір жолғы кірістерді есептемегенде, жалпы кіріс пен өзге де түсімдер 12,4%-ға өсіп, 1308 миллион АҚШ долларын құрады (2023 жылғы көрсеткіш – 1164 миллион АҚШ доллары).

Директорлар кеңесі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына жай және арнайы дивидендтерді қоса алғанда, бір жай акцияға 53,7 теңге және (төрт акцияға тең)




бір ЖДҚ-ға 214,8 теңге мөлшерінде дивиденд төлеуді ұсынды. Бұл ұсыныс 2025 жылғы 31 мамырдан кешіктірмей өткізілуге жоспарланған Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында бекітілуге ұсынылады.

«Біз ашық компания ретінде алғашқы жылымызда қарқынды өсімге қол жеткізіп, саладағы сыйымдылық пен шығындарға қатысты мәселелерге қарамастан, IPO кезінде берген уәделерімізді орындадық», – деді Air Astana компаниялар тобының Бас атқарушы директоры Питер Фостер. «Жаңа қаржы жылына қадам баса отырып, жоғары сұраныс пен ұлғайған қуаттылықтың арқасында біз екі бренд бойынша да өсуді қамтамасыз етуге дайынбыз».

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# САЙЛАУ РЕФОРМАСЫ

## ашықтық пен айқындыққа негізделеді

**Көпшілікке мәлім, Қазақстан Президенті Қасым–Жомарт Тоқаевтың 2022 жылы бастаған конституциялық реформасы сайлау заңнамасының өзгеруіне негіз болды. Осы өзгерістерге байланысты Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Айгүл ҚАЛЫҚОВА реформалардың маңызы мен олардың сайлау процесіне ықпалы, сайлау заңнамасының жаңартылуы, комиссия жұмысының жаңа форматтары және ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету шаралары жайында «Вечерний Алматы» газетіне сұхбат берді.**



**– 2024 жылы Алматыда сайлау процесін ұйымдастыру қалай өтті? 2025 жылы қандай жаңалықтар енгізіледі?**

– 2022 жылы басталған конституциялық реформа сайлау заңнамасының түбегейлі өзгеруіне алып келді. Бұл өзгерістер бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқыланып, сарапшылар арасында қызу пікірталас тудырды.

Маңызды өзгерістердің бірі – Президенттің өкілеттік мерзімі бес жылдан жеті жылға дейін ұзартылып, қайта сайлану құқығы алынып тасталды. Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлау жүйесіне мажоритарлық және аралас жүйе қайта енгізілді, сондай-ақ депутаттарды кері қайтарып алу құқығы бекітілді. Бұдан бөлек, Мәжіліс депутаттарының барлығы тікелей халық сайлауынан өтетін болды. Бұрын 9 депутат Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасымен тағайындалатын. 2023 жылғы 19 наурызда өткен Мәжіліс пен мәслихат сайлауы жаңа ережелер бойынша өтті.

Заңнамаға әкімдерді сайлау туралы баптар енгізілді. 2023 жылдың күзіне қарай Қазақстанда алғаш рет пилоттық режимде 45 аудан және облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауы өтті.

Бұл реформалардың тиімділігі, халықтың жергілікті атқарушы билік басшыларын сайлау тәжірибесіне көзқарасы және жаңадан сайланған әкімдердің жұмысы мұқият талданды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында 2025 жылдан бастап аудан және облыстық маңызы бар қалалар әкімдері тек тікелей сайлау арқылы таңдалатынын мәлімдеді. Бұл жергілікті басшылардың халық алдындағы жауапкершілігін арттырып, қоғамның сенімін күшейтуге бағытталған қадам.

Алайда, Алматыда аудан әкімдерін сайлау өткізілмейді, себебі мегаполис республикалық маңызы бар қала мәртебесіне ие, оның басқару жүйесі өзгеше.

Дегенмен, 2025 жылы Алматыда сайлау өткізілмесе де, аумақтық сайлау комиссиялары сайлау процесіне қатысушыларды оқыту жұмыстарын жалғастырады. Құқықтық сауаттылық пен сайлау комиссияларының тиімділігін арттыру мақсатында каскадтық әдіс арқылы оқыту енгізілуде. Сонымен қатар, жастар мен оқушылар арасында демократиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізіледі.

Дүниежүзілік сайлау күні аясында көптеген іс-шаралар өткізіледі. Бұл күн дәстүрлі түрде ақпан айының бірінші бейсенбісінде аталып өтеді. Ал биыл 6 ақпанға сәйкес келді. Осыған орай, дәрістер, семинарлар, байқаулар, «дөңгелек үстелдер», жастармен кездесулер ұйымдастырылды. 3 ақпанда қаланың 5–11-сынып оқушылары үшін «Әр дауыс маңызды: демократиялық қоғамдағы сайлаудың рөлі» атты Бірыңғай сынып сағаты өтті. Жалпы, 215 мектепте 7080 сынып сағаты өткізіліп, оған 171 000-нан астам оқушы қатысты.

6 ақпанда «Үздік мектептік өзін-өзі басқару сайлау жүйесі» атты II Қалалық байқау өткізілді. Бұл іс-шара оқушылардың демократиялық процестерге белсенді қатысуын ынталандыруға және өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға бағытталды. Байқауға Алматы қаласының 127 мектебінен 835 мектептік өзін-өзі басқару өкілдері қатысты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 23 мектепке артық. Байқаудың аудандық кезеңінің жеңімпазы атанған 8 мектеп ақтық кезеңге өтті. Олар мектептік өзін-өзі басқару жүйесіндегі жетістіктерін таныстырып, жоғары дайындық деңгейін, үйлесімді командалық жұмысын, сайлау заңнамасын терең меңгергенін көрсетті. Бұл – қуантарлық жағдай, өйткені бүгінгі мектеп оқушылары – болашақ сайлаушылар. Олардың арасында болашақ президенттер, депутаттар және әкімдер болуы мүмкін.

Байқаудың жеңімпазы мен жүлдегерлері болып №200 мектеп-гимназиясының, №175 «Жаңа ғасыр» гимназиясының және №102 жалпы білім беру мектебінің командалары анықталды. Оқу-ағарту бағытында өткізілген іс-шаралар түптеп келгенде азаматтардың сайлау процесіне деген сенімін арттыруға және демократиялық институттарды нығайтуға бағытталған. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

2024 жылы маңызды саяси оқиғалардың бірі – республикалық референдум болды. 6 қазанда Алматы тұрғындарына «Қазақстанда атом электр станциясын (АЭС) салуға келісесіз бе?» деген сұрақ қойылды. Қаланың сайлаушылар тізіміне енгізілген 1 263 600 тұрғынының 25,21%-ы, яғни 318 600 адам дауыс беруге қатысты.

**– Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ірі мегаполистерде сайлаушылардың белсенділігі төмен болады. Бізде де солай болып тұр. Сайлаушылардың, әсіресе, жастардың белсенділігін арттыру үшін қандай шаралар қабылдануда?**

– Иә, ірі қалаларда сайлау мен референдумға қатысу деңгейі төмен. Алматы – Қазақстанның ең үлкен мегаполисі болғандықтан, мұнда тұрғындардың мобильділігі жоғары, өмір ырғағы қарқынды, азаматтардың жұмысы мен оқуы сайлау процесіне қатысуына кедергі келтіруі мүмкін.

Жастардың саясатқа деген қызығушылығы жоғары болғанымен, сайлау кезінде олардың белсенділігі төмен. Бұл жағдайды өзгерту үшін әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру, жастар ұйымдарымен серіктестік орнату, сайлау жүйесіне деген сенімді арттыру үшін пікірталастар мен кездесулер ұйымдастыру және электрондық дауыс беру сияқты жаңа технологияларды енгізу ұсынылады. Менің ойымша, жастардың сайлауға қатысуын арттыру үшін бірқатар бағыттарға назар аудару қажет. Әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру – жастар көбінесе ақпаратты интернеттен, әсіресе, әлеуметтік желілерден алады. Сондықтан сайлау туралы мәліметтерді сол платформаларда тарату маңызды.

Сайлаудың оң имиджін қалыптастыру – дауыс беру тек міндет емес, сонымен қатар елдің болашағын қалыптастырудағы мүмкіндік екенін көрсету қажет.

Жастар ұйымдарымен серіктестік орнату – белсенді жастарды сайлау үдерісіне тарту арқылы олардың қызығушылығын арттыруға болады.

Білім беру бастамалары мен дебаттар ұйымдастыру – сайлау алдындағы пікірталастар, оқыту семинарлары жастардың саяси сауатын арттырады.

Ынталандыру және мотивация жүйесін енгізу – белсенді сайлаушыларға марапаттар немесе басқа да ынталандыру шараларын қарастыру. Жастардың үміткерлермен және саяси партиялармен байланысын жақсарту – олар өз дауыстарының шын мәнінде өзгеріс әкелетінін сезінуі керек. Жаңа технологияларды енгізу – электрондық сайлау жүйелері, цифрлық тізімдер жастарға дауыс беру процесін жеңілдетуі мүмкін.

Сонымен қатар, жалпы халықтың сайлау туралы хабардар болуы да маңызды. Азаматтар қашан, қайда және қалай дауыс беруге болатыны туралы толық ақпарат алуы керек. Бұл – учаскелік сайлау комиссияларының негізгі міндеті.

Осы мәселеге еліміздің Орталық сайлау комиссиясы ерекше назар аударып отыр. Комиссия төрағасы Нұрлан Мәжітұлы Әбдіров бұл тақырыпты бірнеше рет кеңестерде және сұхбаттарында көтерген болатын.

Мысалы, өткен жылы референдумға дайындық барысында учаскелік комиссия мүшелері ОСК әзірлеген жеке шақыру қағаздарын әрбір кәмелетке толған азаматқа жеткізді. Бұған дейін ауқымды дайындық жұмыстары жүргізілді. Комиссия мүшелері аудандық әкімдіктерден алынған деректерді пайдалана отырып, 495 мыңға жуық бірегей мекенжайды анықтап, тұрғындарға шақыру хаттарын табыстады.

Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық заңының 48-бабына сәйкес, бұл шараларға учаскелік полиция инспекторлары да тартылып, қоғамдық тәртіп пен комиссия мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Жалпы, сайлаушылардың қатысу деңгейін арттыру үшін кешенді тәсіл қажет. Ол тек халықтың сенімін арттырып қана қоймай, азаматтардың демократиялық процеске белсенді араласуына ықпал етеді. Демократиялық институттарды нығайту мен сайлау сапасын арттырудың басты қадамы – халықты сайлау процесіне мейлінше тартылуы.

2024 жылғы референдум кезінде Алматыда 495 мыңға жуық үйге шақырту қағаздары таратылды. Бұл жұмысты учаскелік полиция қызметкерлері қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, сайлау комиссияларының мүшелерімен бірлесіп жүргізді.

**– Дауыс беру учаскелерін дайындау қалай жүргізіледі және сайлаушыларға қандай жағдайлар жасалған? Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қандай көмектер көрсетіледі?**

– Алматыда 624 сайлау учаскесі бар, оның 75-і арнайы мекемелерде (ауруханалар, әскери бөлімдер және т.б.) орналасқан. Орташа есеппен, әр учаскеге 2000-нан астам сайлаушы тіркелген. 2025 жылы халық санының артуына байланысты кемінде 25 жаңа учаске ашу жоспарлануда. Ал мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін пандустар, лифттер, тактильді жолақтар, арнайы дәретханалар; компьютерлер, құлаққаптар, лупалар, арбамен қозғалатындар үшін кең кабиналар, «Инватакси» қызметі (2024 жылғы референдумда 100 арнайы көлік жұмыс істеді); жетекшілер мен жеке көмекшілердің қызметі, мобильді сайлау (үйден дауыс беру), жазуы бар трафареттер мен сурдоперевод қызметі секілді қызметтер қарастырылған.

Сонымен қатар, inva.gov.kz жүйесі арқылы қаланың барлық сайлау учаскелері паспорттаудан өтті, бұл олардың қолжетімділігін бақылауға мүмкіндік береді.

**– Сайлау процесінде ықтимал заңбұзушылықтар мен фальсификациялардың алдын алу үшін қандай шаралар қабылданған?**

– Қазақстанда сайлау заңнамасының сақталуына қатаң бақылау орнатылған. Сайлау заңнамасын бұзу қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

Сайлау барысының ашықтығын қамтамасыз ету үшін Орталық сайлау комиссиясы халықаралық және ұлттық байқаушыларды аккредиттейді. Қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар сайлауды бақылайды. БАҚ пен әлеуметтік желілердегі ақпарат мониторингтен өтеді. Жедел әрекет ету тетіктері жұмыс істейді (шағымдарға жауап бір күн ішінде беріледі).

Азаматтар өздерінің сайлау құқықтарының бұзылғанын байқаса, сайлау комиссиясына, сотқа немесе прокуратураға шағымдана алады. Бұл механизмдер сайлаудың ашық және әділ өтуіне кепілдік береді.

Қазақстандағы сайлау комиссияларының басты мақсаты – халықтың демократиялық институттарға деген сенімін арттыру. Сондықтан сайлау жүйесі реформалануда және жақсартылуда.

**Сұхбаттасқан**
**Наталья ГЛУШАЕВА.**

НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІ

# АМАЛ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

## Қазақстан жұлдыздары алматылықтарды Көрісу күнімен құттықтады



**Екі мыңнан астам алматылық пен қала қонақтары «Көк-Төбеге» жиналып, бір-бірін көктемнің келуімен құттықтады. Наурызнама онкүндігінің алғашқы күні – Көрісу мерекесіне орай ұйымдастырылған театрландырылған концертті тамашалады.**

Сахна төрінде еліміздің сүйіспеншілігі мен махаббатына бөленген, аты аңызға айналған Роза Рымбаева, Жанар Айжанова, Айгүл Қосанова, «Жігіттер» тобы, Алма Аманжолова, сондай-ақ «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әртістері өнер көрсетті. Мәртебелі меймандар қатарында белгілі жазушылар, мәдениеттанушылар, еңбек сіңірген өнер қайраткерлері және бірқатар зиялы қауым өкілі болды.

«Қадірменді қауым! Бүгін Қазақстанымызда үлкен мереке – Наурызнама басталды. Қазақтың жаңа жылы, көктем келді. Сондықтан бір-бірімізбен көрісіп, амандасып, бір-бірімізге жақсы тілек айтып жатырмыз. Мен өзімді бақытты әншімін деп санаймын, себебі менің «Наурыз-думан» әнім осы мерекеде міндетті түрде шырқалады. Тек қана бір сахнада емес, бүкіл Қазақстанда, тіпті мектеп оқушыларына дейін, ауыл-аймақтарда, аудандарда менің осы әнім шырқалып жатады. Сондықтан мен осы наурызды жырлайтын бақытты әншімін. Елімізге биылғы Наурыз бақ-береке әкелсін, бірлік алып келсін. Қазақстанымыз жылдан-жылға көркейе берсін!», – деді Қазақстанның Еңбек Ері, Халық артисі Роза Рымбаева.

Алматылықтарға ерекше сый ретінде «Көк-Төбедегі» аспалы жол сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін тегін жұмыс істеді. Соның арқасында мерекелік іс-шараға келген көрермен қатары көп болды.

«Көрісу күні «Көк-Төбенің» төрінде тойланып жатыр. Құрметті алматылықтар, баршаңызды Амал мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл Амал күнінің тәрбиелік мәні зор. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, ағайын-туыс арасындағы байланысты үзбеуге бағыттайтын мағынасы зор мереке. Қазақта «Баталы ел азбас» деген сөз бар. Сол себепті, бүгінгі Амал күнінде бір-бірімізге жақсы тілектерімізді айтып, баталы болайық! Амал күні құтты болсын, ағайын!», – деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал артист Жанар Айжанова.

Айта кетейік, Алматыда 14–23 наурыз аралығында өтетін Наурызнама онкүндігі аясында 100-ден астам түрлі іс-шара жоспарланған. Олардың ішінде көрмелер, спектакльдер, спорттық жарыстар, танымал артистердің қатысуымен өтетін концерттер және басқа да қызықты іс-шаралар бар. Ауқымды іс-шаралардың аңдатпалары Алматы қаласының Мәдениет басқармасының @almatymadeniet парақшасында және Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

КӨРМЕ

# «АЛТЫН ҚАЗЫНА» ТАНЫТҚАН ТАЛАНТТАР

**Оқушылар сарайында өткен байқауда бас қосқан оқушылардың қарасы қалың болды. Олар бұл күні өз қолдарымен жасаған әсем бұйымдарын көпшілік талқысына салып, бақ сынады. Бұл «Алтын қазына» атты қалалық көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының көрме-байқауы. Оған қатысқан жұмыстарды әділқазылар 7 номинация бойынша бағалады. Жүзден озып шыққан жүйріктер арнайы дипломдармен марапатталды.**

**Рая ЕСКЕНДІР**

Балалардың тәтті қиялынан туған туындылар бірінен-бірі өтеді. Оның үздігін таңдау қазыларға да оңайға түспеген сыңайлы. Өйткені, баланың қиялы өте жүйрік. Әсте, оның әлеміне бойлау да оңай емес. Мәселен, бір ғана бояумен бүкіл ойын жеткізген, қарапайым жіппен тақырыпты ашып көрсеткен жұмыстар бар. Әсіресе, ағаштан түйін түйген, темірді қамырша илеген шебер балалардың қадамы қатты қуантып отыр. Әрине, олар келешекте осы жолды таңдап жатса, көркемөнер саласының болашағы жарқын болары сөзсіз.

Тағы бір қуанарлығы – балалар шығармаларындағы ұлттық бояудың қанықтығы дер едік. Олар өз шығармалары арқылы ұлттық құндылықты барынша дәріптегені байқалады. Кез келген шығармаға зер салсаңыз, онда безбенделген ел тарихын байқайсыз. Туындыға еліміздің өткені мен бүгіні арқау болған.



«Ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу» номинациясы бойынша –Алмабек Жәнібек; «Металды көркемдеп өңдеу» бойынша – Малика Хафиз; «Ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндер жасау» бойынша – Абай Елжан; «Тоқыма бұйымдарын дайындау» бойынша – Арай Еркін; «Қағаздан бұйымдар жасаудан» – Айдана Қанайбек; «Ұлттық оюөрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасаудан» – Мәриям Датқаева; «Ұлттық нақыштағы интерьердің ерекше дизайн жобасы» бойынша – Әлихан Әнуарұлы қатарлы өнерлі жеткіншектер 1-орын иегері атанды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Мәдина МҰРАТБЕКҚЫЗЫ,**
**Оқушылар сарайының көркемөнер бөлімінің жетекшісі:**

***Көрме-байқаудың «Алтын қазына» аталуы да тегін емес. Жалпы, бұл байқау үрдіске айналып, тұрақты өтіп келеді. Осынау байқау барысында қаншама талантты баланың есімі белгілі болды. Байқауға қатысып, бағын сынағандар қаншама! Мәселен, биыл 7 аталым бойынша 230 жұмыс келіп түсті. Оқушылар сарайының көрме залында жеңімпаздар есімі анықталды. Сәтін салса, 1-орын иегерлері мамыр айында Астанада қашықтан өтетін республикалық кезеңге қатысатын болады.***





КОМЬЮНИТИ-ОРТАЛЫҚТАР

# АЛМАТЫ – МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

## Уақытпен ұштасқыңыз келсе, қауымдастық-орталықтарға келіңіз



**Алматыда жастар қауымдастық-орталықтары желісінің жұмысы қарқынды түрде жалғасуда. Былтыр қала әкімінің бастамасымен мегаполисте сегіз жаңа орталық ашылған болатын. Ал биыл олардың санын 16-ға дейін жеткізу көзделіп отыр.**

Нұржамал ӘЛІШ

Бұл комьюнити-орталықтар жастардың басын қосып, білім беру курстарын, шеберлік сабақтарын және мәдени іс-шараларды ғана ұйымдастырып қоймайды, сонымен қатар олардың жұмысқа орналасуына дәнекер болады, заңдық тұрғыда кәсіби кеңестер беріледі, тілдік курстар мен тұлғалық даму бағдарламаларын ұсына отырып, жастар үшін тартымды орындарға айналуда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі мен қаланың Жастар саясаты басқармасы ұйымдастырған баспасөз турында айтылды.

Биыл қауымдастық-орталықтар жұмысының негізгі бағыттарының бірі «Жұмысшы мамандықтары жылы» болады дейді сарапшылар. Осы бастама аясында колледждермен және жұмыс берушілермен бірлесіп білім беру және практикалық бағдарламалар жасалуда. Жастарға түрлі салаларда 30 мыңнан астам бос жұмыс орны ұсынылмақ. Осы орайда айта кетсек, былтыр мұнда жұмысқа орналастыру бойынша өткізілген сегіз мың консультацияның нәтижесінде 4,3 мың адам жұмысқа орналасты. Ал олардың 3,9 мыңы тұрақты жұмыс тапқан.



Қауымдастық-орталықтарының жаңа функцияларының қатарына IT, экология, кәсіпкерлік, медиа және басқа да өзекті бағыттар бойынша курстар мен шеберлік сыныптары бар білім беру платформасы, сондай-ақ қалалық кеңістіктерді дамыту бойынша қалалық бастамалар, экологиялық жобалар мен бағдарламалар іске асырылатын city Makers қалалық қауымдастықтар зертханасы кіреді.

Бұдан басқа, орталықтар көрмелер, фестивальдер, өнер резиденциялары және шығармашылық шеберханалары бар мәдени кеңістікті, сондай-ақ жас ата-аналар бағдарламаларға, отбасылық шеберханаларға және балаларға арналған түрлі іс-шараларға қатыса алатын отбасылық демалыс орталығын ұсынады.

Дәлірек айтсақ, мәселен, жас ата-аналар үшін әлемдегі ең озық тәжірибелерге негізделген «Жас отбасы клубы» – британдық Sure Start Centres, француздық аудандық қауымдастық үйлері және скандинавиялық отбасылық клубтар іске қосылады.

Осы бастамалардың арқасында «Алматы – жастар үшін мүмкіндіктер қаласы» мәртебесін нығайтуды жалғастыруда.2024 жылы қауымдастық-орталықтарда 1,7 мыңға жуық адамды қамтыған 380 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды. Ал жалпы, әр орталыққа күніге орта есеппен 100 адам келетін көрінеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Диана МАЛАЕВА,**
**қауымдастық-орталықтар дирекциясының басшысы:**

### КӨШТЕН ҚАЛМАҒАН ДҰРЫС

Бұл жерде әркім қолдауға ие бола алады. Біз әрбір жастың кәсіби дағдыларын дамыту, әлеуметтік белсенділік немесе кәсіпкерлік болсын, өз әлеуетін іске асыра алатындай инклюзивті кеңістік құруға ұмтылудамыз. Қауымдастық-орталықтар жастарды қолдау мен дамыту үшін толыққанды экожүйеге айналып келе жатқаны қуантады. Мұнда замандастарымыз заманауи коворкинг аймақтарына, мәжіліс бөлмелеріне, тіпті музыкалық студияларға тегін қол жеткізе алады. Онлайн брондау жүйесінің арқасында тұрғындар өз іс-шаралары үшін ыңғайлы уақыт пен орынды алдын ала таңдай алады. Бізді заман көшінен қалмауға ұмтылған жастардың көптігі қуантады.

**Бағдат АНАРБАЕВА,**
**Алматы мемлекеттік жастар саясатын дамыту қоры директорының міндетін атқарушы:**

### БІЗ ЖОЛ КӨРСЕТЕМІЗ

Бізге жас кәсіпкерлер, фрилансерлер, сценаристер, музыканттар жұмыс істеуге және араласуға ыңғайлы орын іздеушілердің бәрі келеді. Мысалы, орталықтардың бірінде резиденттер танымал сериал үшін сценарий жазса, екіншісінде миллионнан астам тыңдалым жинаған музыкалық трек жазды.

Біз жастардың IT және технология саласына деген үлкен қызығушылығын көріп отырмыз. Тек кейінгі айлардың өзінде курстарға 200-ден астам адам жазылды.

Иә, бұл қауымдастық-орталықтары жай ғана инфрақұрылымдық жоба емес, жастарды қолдаудың жаңа философиясы екендігіне сенімдіміз. Біз жастарға кеңістік құрып қана қоймай, оларға өмірін жақсы жағынан өзгертетін нақты жолдарды көрсетеміз.

# НАУРЫЗДЫҢ ҚАЙТА ҚОНҒАН ТҰҒЫРЫ

**Наурыз – Орталық Азия халықтары атап өтетін ең ежелгі мерекелердің бірі. Бұл мереке табиғаттың жаңарып, тіршіліктің қайта қуат алғанын аңғартса, енді бір жағынан, күн күнтізбесі бойынша жаңа жылдың басталуын бейнелейді. Даламызда бұл мереке мыңдаған жылдан бері тойланып келе жатқанын көрсететін дәлел көп.**

Рая **ЕСКЕНДІР**

Өткен ғасырда, дәлірек айтсақ, 1926 жылы Наурыз мерекесі КСРО жағынан ескінің қалдығы, діни сипаттағы мереке ретінде тыйым салынды. Кейіннен ұлт жанашырлары елдің төл құндылығын қайтарып, ұлттық мерекеміз тұғырына қайта қонып еді. Ұлттық құндылықтың қайта жандануында сол кездегі қазақтың мәдени-рухани орталығы болған Алматы қаласының маңызы айрықша. Себебі, жұртымен қайта табысқан мереке ең алғаш осы қалада тойланды.


Kazakhstan Central Archive (Courtesy Photo)

## Ұлттық мерекенің қилы тарихы

Әрине, халқымыз Наурызбен оңайлықпен қауыша қалған жоқ. Төл құндылықты төрге оздырудың артында бір дәуірдегі ұлт жанашырларының толассыз күресі, аянбай еткен еңбегі тұрды. Аталмыш мерекенің ортамызға оралуына сол кездегі Қазақ КСР Мәдениет министрі болған Өзбекәлі Жәнібековтің тарихи орнын





атамай кету, әбестік болар. Өз дәуіріндегі ұлттық құндылықтардың шырақшысындай болған Ө.Жәнібеков төл мерекенің туған жұртымен қайта қауышуында да зор үлес қосты. Ол сол кездегі кедергілерге қарамастан жоғары мен төменге бұл бастаманың маңыздылығын жеткізіп, Наурызды мемлекеттік деңгейде мерекелеу идеясын белсенді түрде насихаттады.

Наурыздың оралуына ерекше еңбегі сіңген тағы бір тұлға болса, ол атақты ақын Мұхтар Шаханов. Арқалы ақын сол тұста мерекені қайтаруды жақтап қана қоймай, оның бұқаралық ақпарат құралдарында, кітаптарда және қоғамдық пікірталастарда маңыздылығын кеңінен насихаттады. Өзге де тұлғалар атсалыса отырып, Наурыз өз тұғырына қонды. 1988 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев бастаманы қолдап, оған мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетті.

Алматыда сәтті мерекеленгеннен кейін Наурыз бүкіл Қазақстанды шарлап, басқа қалаларда да тойлана бастайды. Ал 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін ол ресми түрде мемлекеттік мереке болып жарияланды. Уақыт өте мерекенің маңыздылығы артып, 2009 жылдан бастап Қазақстанда Наурыз 21–23 наурыз аралығында үш күн бойы атап өтіле бастады. Қазіргі таңда Әз-Наурыз – еліміздегі ең көркем, ең сүйікті мерекелердің біріне айналды. Жылдың басы Алматыда ғана емес, басқа да қалаларда түрлі фестивальдармен, концерттермен, дәстүрлі ұлттық ойындармен басталып, мазмұны көркемделе түсті. Соңғы жылдары мерекенің ауқымы тіпті кеңейіп, оның аясында қайырымдылық акциялары өте бастады.



## Алғашқы той қалай тойланды?

Наурыз мерекесі алғаш рет Алматыда 1988 жылы 22 наурызда қазіргі Республика сарайының алдында дүркіреп өткен еді. Ол кезде «Ленин атындағы сарай» деген атаумен танымал бұл ғимарат Алматының ең көрікті де, көрнекті орны болатын. Сол күнгі мереке Алматы мен оның тұрғындары үшін нағыз естен кетпес оқиға болып қалды.

Дүбірлі мерекелік шара Абай ескерткішінің маңында, қазіргі Абай алаңында басталып, қазақ фольклорының элементтері бар театрландырылған қойылыммен ашылды. Ал қаланың Горький атындағы саябағында қазақтың киіз үйлері тігіліп, онда қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылды. Қазан-қазан ет асылып, саябақта сүрдің исі аңқыды. Одан өзге де ұлттық тағамдар әзірленіп жатты. Қала тұрғындары мен шетелдік қонақтар дәстүрлі тағамдардан ауыз тиіп, халқымыздың қонақжайлығы салтанат құрды. Әрине, мерекенің басты тағамы – наурыз көже болды. Шыны керек, молшылық пен әл-ауқаттың символына айналып, 7 түрлі дәннен дайындалатын наурыз көженің дәмін алғаш рет татқандар да болды.

Алматыда тойланған алғашқы Наурыз ел үшін маңызды оқиға болды. Бұл тарихи той ұлттық өнеріміздің де өрісін кеңейтті. Тіпті, талай өнер жұлдыздарының да бағын жақты десек, артық емес. Қазіргі кезде жұртқа кеңінен танымал Жанар Айжанова дәл осы алғашқы наурыз мерекесінде үкілі домбырасымен терме орындап, жұрт жүрегінен орын алған еді.

КӨРМЕ

# АЛТЫН АДАМ – МӘҢГІЛІК МҰРА

**Алматыдағы Мемлекеттік орталық музейде «Алтын адамның мұрасы» атты көрме ашылды. Бұл іс-шара белгілі ғалым Мағрипа Жылқыбаеваның 80 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр.**






Көрменің ашылуында Жапонияның Хоккайдо университетінің құрметті профессоры Фудзий Кандзи құттықтау жолдады. Ол Жылқыбаеваның Алтын адам мұрасын зерттеудегі еңбегін атап өтіп, ғылыми мұрасымен танысуға шақырды.

Мағрипа Жылқыбаева – Қазақстандағы радиация және экология саласында зерттеулер жүргізген ғалым. 1989 жылдан бастап ол Есік қорғанынан табылған күміс зереншеге түсірілген 26 таңбаны зерттеп, ежелгі өркениеттердің құпияларын ашуға үлес қосты. Яғни Есік қорғанындағы Алтын адам мұрасы бойынша прото дәуірдегі алғашқы адамзат тілінің расшифровкасын жасаған. Мағрипа Шөжеғұлқызы – кванттық физика арқылы байырғы адамзат тілін зерттеуге жол ашқан әлемдегі тұңғыш ғалым. Ғылыми жетістігі арқылы кейін Қазақстандағы петроглифтер мен «Будда жазуларының» сырын зерттеген.

Көрмеде ғалымның ғылыми еңбектері мен зерттеулеріне арналған экспозициялар қойылған. Сонымен қатар, оның мұрасын таныстыру мақсатында «Алтын адамның аманаты», «Алтын адамның мұрасы» және «Құпия күштер құдіреті» кітаптарының тұсаукесері өтті.

Іс-шара барысында ғалымның әріптестері мен шәкірттері естеліктерімен бөлісті. «Үш қиян» баспасының директоры Махмұт Қосмамбетов ғалымның ғылымға адалдығын ерекше атап өтті. «Мағрипа Жылқыбаева ғылымға шын берілген жан еді. Оның еңбектерін зерттеу – болашақ ғалымдар үшін маңызды», – деді ол.

Бұл көрме ғалым еңбегін жаңа қырынан танытып, жас зерттеушілерге жол ашады. Мағрипа Жылқыбаеваның ғылыми мұрасы – ұлттың рухани және тарихи қазынасы.

**Камила ТҰМАТАЕВА,**
**Алматы қаласының тұрғыны, шәкірті:**

– Жолдасым Сәмидин Тұматаев Мағрипа Шөжеғұлқызының әріптесі әрі сыйлас ағасы болды. Екеуі бір ауылда туып, В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтында бірге жұмыс істеді. Отбасымызбен жақсы араластық. Жолдасым балаларға оны үлгі етіп, «Мағрипа сияқты еңбек етіңдер» деп айтып отыратын. Мағрипа Шөжеғұлқызы қоршаған орта, табиғатқа адамның әсері жайында зерттеулер жүргізетін.

Алтын адамды зерттеуді бастағанда ауырып жүрді. Жолдасым: «Бұл ауыр жұмыс, таста! Одан да өзіңнің жағдайыңды ойла» деді. Бірақ Мағрипа алған бетінен қайтпады. Өмірде көп қиындық көрген адам. Әрине, біз оны жақсы танығандықтан, кім екенін білеміз деп ойлайтынбыз. Мен оның шын болмысын Алтын адамның кітаптарын оқыған кезде түсіне бастадым.

**Нұрдәулет АҚЫШ,**
**ҚР еңбек сіңірген қайраткері:**

– Ғалымдардың жан-дүниесін түсіну оңай емес. Мағрипа Жылқыбаева физика, Алтын адам ғана емес, әдебиеттану бойынша да зерттеулер жүргізген. Бүкіл өмірін ғылымға арнаған. Соңғы кезде пәнаралық байланысты Білім министрлігі қолға ала бастады. Ал Мағрипа Жылқыбаева оны баяғыда бастап кеткен. Әртүрлі ғылым салалары бойынша кешенді әрі салыстырмалы зерттеу жүргізумен кез келген ғалым айналыса алмайды. Дамуды ойлаған елде ғалымдарға алдыңғы кезекте орын берілуі керек.

Біз Жамбылдың өлеңдерін білеміз, ал оның құпия қырлары туралы Мағрипа Жылқыбаеваның еңбектері арқылы біліп отырмыз. Жыраудың ерекше қасиеттерін жаратылыстану ғылымдары тұрғысынан зерттеген.







Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

СИМПОЗИУМ

# «Қазақ халқының 1000 әні»

## жинағына 100 жыл толды

**Алматыдағы «Достық үйінде» Қазақстанның тұңғыш Халық әртісі, этнограф–ғалым, композитор Александр Викторович Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағының 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми–тәжірибелік симпозиумы өтті.**

Тарихи және мәдени мәні терең іс-шараға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ҚР Ұлттық комиссиясы, ҚР Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ұлттық комитеті, Халықаралық түркі мәдениеті қоры, сондай-ақ, бірқатар шығармашылық ЖОО-ның өкілдері қатысты.

Ауқымды жиынға Түркия, Ресей, Әзербайжан, Өзбекстан және Қырғыз Республикасынан фольклортанушы, музыкатанушы ғалымдар арнайы келді.

Симпозиум жұмысының негізгі бағыттары: «А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағы: тарих, теория және тәжірибе мәселелері», «Әлемдік және отандық гуманитарлық ғылым аясындағы А.В.Затаевичтің мұрасы», «Ұлттық мәдениеттегі этнофорлар (өнерпаздар) мен шығармашылық қауымдастықтар», «Зерттеушінің ауызша және жазбаша музыка дәстүрлерін зерделеудегі рөлі», «Дәстүрлі музыканың бүгінгі болмысы мен сабақтастық аспектілері», «Қазіргі кезеңдегі ұлттық өнер», «Түркі халықтарының рухани әлемі», «Тарих, этнография, филология және өнертану салаларындағы Мәдени құндылықтарды сақтау, зерттеу және насихаттау мәселелері».

Симпозиум барысында келесі іс-шаралар қамтылған: «XX-XXI ғасырлардың құндылық пен маңыздылық кеңістігіндегі А.В.Затаевичтің мұрасы: ғылым – мәдениет – қоғам» кітабының тұсаукесері, «Алпамыс батыр» эпосы бойынша көпұлтты номинация сарапшыларының қорытынды кездесуі, Түркі халықтарының фольклорлық ескерткіштерін басылымы жөніндегі халықаралық топтың отырысы.

– Қазақ руханиятын әлемге таныту, өз мәдениетіміз бен өнерімізді дәріптеу, бұл үлкен жұмыстардың бастауы. Қазақтың тұнып тұрған рухани әлемін шетел білсе, ғалымдар зерттелгені құптарлық іс. Арнайы іс-шаралар лег-легімен ұйымдастырылып, насихатталып, ән-күй, фольклорлық мұра, әдеби жауһар зерделеп түссе, ұлттың мерейі үстем болып, өскелең ұрпақ мол мәдени һәм ғылыми қазына болып қалады, – деді институт директоры, ҰҒА академигі К.Матыжанов.

**Бетті әзірлеген**
**Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

## ҚАУЛЫ

**Алматы қаласы әкімдігінің**
**2025 жылғы 17 наурыздағы №1/1–416 қаулысы**

### Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Түрксіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 9 тамыздағы №27.3-27.03/448-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпы пайдалану объектісі үшін (тұрақ кеңістігін жайластыру) Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5 үй, мекенжайында орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-317-011-057, ауданы 2,2694 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2029 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;
2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Түрксіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі** **Е.ДОСАЕВ**

*Алматы қаласы әкімдігінің*
*2025 жылғы 17 наурыздағы*
*№1/1-416 қаулысына қосымша*

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты–жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері |
|---|---|---|---|
| 1. | Марченко Виктор Владимирович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №1 көлікжай |
| 2. | Гладкая Елена Андреевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №3 көлікжай |
| 3. | Татьянина Светлана Юрьевна, Татьянин Иван Валерьевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №13 көлікжай |
| 4. | Амандосов Алькен Азаматович, Амандосова Айнур Сериковна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №14 көлікжай |
| 5. | Романов Даниил Витальевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №16 көлікжай |
| 6. | Мархиева Фатима Руслановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №17 көлікжай |
| 7. | Неведомская Татьяна Викторовна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №18 көлікжай |
| 8. | Кобалева Нина Ивановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №19 көлікжай |
| 9. | Зейналов Сиявуш Валейевич, Мамедова Манзура Абубакировна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №20 көлікжай |
| 10. | Цаплин Валерий Борисович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №21 көлікжай |
| 11. | Исакова Наталья Михайловна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №26 көлікжай |
| 12. | Нигматуллина Вера Игоревна, Нигматуллин Марат Рафикович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №33 көлікжай |
| 13. | Носов Сергей Александрович, Каменева Ольга Григорьевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №34 көлікжай |
| 14. | Шаталова Наталья Викторовна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №35 көлікжай |
| 15. | Молокостов Сергей Иванович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №36 көлікжай |
| 16. | Костусева Ольга Ильинична | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №37 көлікжай |
| 17. | Воронин Игорь Анатольевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №39 көлікжай |
| 18. | Мамонтов Виктор Александрович, Мамонтова Ольга Михайловна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №45 көлікжай |
| 19. | Попов Николай Владимирович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №46 көлікжай |
| 20. | Голованов Александр Валентинович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №47 көлікжай |
| 21. | Интымакова Мадина Базилбековна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №52 көлікжай |
| 22. | Татьянин Иван Валерьевич, Татьянина Светлана Юрьевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №54 көлікжай |
| 23. | Нигматуллина Вера Игоревна, Нигматуллин Марат Рафикович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №55 көлікжай |
| 24. | Яловенко Наталья Геннадьевна, Яловенко Евгений Александрович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №68 көлікжай |
| 25. | Сластина Нина Николаевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №69 көлікжай |
| 26. | Веревкин Виктор Павлович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №83 көлікжай |
| 27. | Герасименко Ирина Ивановна, Герасименко Ольга Ивановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №85 көлікжай |
| 28. | Горынина Лидия Александровна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №94 көлікжай |
| 29. | Горовых Сергей Михайлович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №99 көлікжай |
| 30. | Блощицына Нина Анатольевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №100 көлікжай |
| 31. | Блощицына Нина Анатольевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №101 көлікжай |
| 32. | Шульга Людмила Николаевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №102 көлікжай |
| 33. | Лебаева Баян Сейдулдаевна, Лебаев Сарсембек Чагибекович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №108 көлікжай |
| 34. | Катасонова Ирина Ивановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №111 көлікжай |
| 35. | Нұрғалиев Сағынғали Көшенұлы | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №113 көлікжай |
| 36. | Гавриленко Ольга Ивановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №116 көлікжай |
| 37. | Литвинов Иван Семенович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №117 көлікжай |
| 38. | Тен Татьяна Павловна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №118 көлікжай |
| 39. | Устинов Анатолий Антонович, Устинова Владелина Даниловна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №126 көлікжай |
| 40. | Рыбцева Людмила Ивановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №118 көлікжай |
| 41. | Проскурина Любовь Петровна | 20-317-011-129 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №129 көлікжай |
| 42. | Усманов Александр Артурович, Усманова Елена Сергеевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №132 көлікжай |
| 43. | Горгулев Андрей Анатольевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №133 көлікжай |
| 44. | Абдыкаликова Гулшара Кенесовна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №134 көлікжай |
| 45. | Абдилдаева Карлыгаш Касенгалиевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №139 көлікжай |
| 46. | Лихоузов Юрий Ильич, Лихоузова Татьяна Валентиновна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №141 көлікжай |
| 47. | Тупелев Марат Суртаевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №145 көлікжай |
| 48. | Литвинов Юрий Тимофеевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №147 көлікжай |
| 49. | Якубовский Евгений Васильевич, Якубовская Наталья Александровна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №149 көлікжай |
| 50. | Анзоров Ашот Амиранович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №152 көлікжай |
| 51. | Афанаси Виктория Викторовна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №155 көлікжай |
| 52. | Абдыкаримов Абай Кадырханович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №156 көлікжай |
| 53. | Полковников Иван Тимофеевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №161 көлікжай |
| 54. | Ступник Ирина Евгеньевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №160 көлікжай |
| 55. | Герасименко Ольга Ивановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №164 көлікжай |
| 56. | Петимко Анна Александровна, Овчинников Петр Петрович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №165 көлікжай |
| 57. | Копылов Сергей Иванович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №168 көлікжай |
| 58. | Рыбцева Людмила Ивановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №169 көлікжай |
| 59. | Антонец Андрей Викторович, Антонец Наталья Геннадьевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №170 көлікжай |
| 60. | Абуляисов Газиз Бакенович, Казчук Наталья Анатольевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №172 көлікжай |
| 61. | Терехов Сергей Валентинович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №173 көлікжай |
| 62. | Коротунова Алла Анатольевна, Миронюк Дмитрий Евгеньевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №174 көлікжай |
| 63. | Калидолдин Асланбек Кумарбекович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №176 көлікжай |
| 64. | Серов Сергей Владимирович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №177 көлікжай |
| 65. | Долгополов Сергей Игоревич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №180 көлікжай |
| 66. | Абдыкаримов Адиль Абаевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №181 көлікжай |
| 67. | Павлов Анатолий Иванович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №183 көлікжай |
| 68. | Галютин Василий Витальевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №185 көлікжай |
| 69. | Мустафин Берик Истаевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №189 көлікжай |
| 70. | Чепрасов Роман Владиславович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №196 көлікжай |
| 71. | Сальменбаев Галым Елеусизович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №198 көлікжай |
| 72. | Янцен Давыд Давыдович, Янцен Алина Владимировна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №199 көлікжай |
| 73. | Потапов Константин Федорович, Потапова Наталья Григорьевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №203 көлікжай |
| 74. | Ряснова Анна Ефимовна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №206 көлікжай |
| 75. | Бабикова Екатерина Петровна, Сиволобова Ольга Петровна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №209 көлікжай |
| 76. | Турбина Юлия Юрьевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №212 көлікжай |
| 77. | Ахметов Нариман Агамамедович, Аббасова Тамара Астановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №216 көлікжай |
| 78. | Еремеев Анатолий Степанович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №217 көлікжай |
| 79. | Сутормина Ирина Витальевна, Сутормина Лариса Ивановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №220 көлікжай |
| 80. | Кошкина Надежда Сергеевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №222 көлікжай |
| 81. | Черкасова Евгения Витальевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №223 көлікжай |
| 82. | Гогрева Ирина Ахняфовна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №227 көлікжай |
| 83. | Мамонтов Михаил Викторович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №228 көлікжай |
| 84. | Бородина Валентина Михайловна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №233 көлікжай |
| 85. | Сигаева Нина Степановна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №234 көлікжай |
| 86. | Долгополов Сергей Игоревич, Долгополова Екатерина Олеговна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №236 көлікжай |
| 87. | Пичугин Сергей Анатольевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №237 көлікжай |
| 88. | Антонова Тамара Александровна, Дягилева Татьяна Николаевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №238 көлікжай |
| 89. | Костенко Александра Варфоломеевна, Костенко Игорь Петрович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №243 көлікжай |
| 90. | Костенко Оксана Сергеевна, Костенко Вячеслав Вячеславович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №249 көлікжай |
| 91. | Амитова Илира Альфатовна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №253 көлікжай |
| 92. | Устинов Владимир Анатольевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №253 көлікжай |
| 93. | Буравлева Ольга Николаевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №255 көлікжай |
| 94. | Галкина Регина Игоревна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №256 көлікжай |
| 95. | Литвинов Андрей Юрьевич, Жданова Татьяна Борисовна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №262 көлікжай |
| 96. | Ляпустин Юрий Сергеевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №263 көлікжай |
| 97. | Кобалев Виталий Александрович, Кобалев Виталий Александрович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №267 көлікжай |
| 98. | Галибабаев Рамиль Хурметович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №268 көлікжай |
| 99. | Галибабаев Рамиль Хурметович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №271 көлікжай |
| 100. | Ускенбаева Галина Шариповна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №275 көлікжай |
| 101. | Зубков Максим Олегович, Калибекова Екатерина Олеговна, Зубкова Оксана Анатольевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №277 көлікжай |
| 102. | Жуйко Николай Михайлович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №278 көлікжай |
| 103. | Павлов Вячеслав Эдуардович, Павлова Наталья Владимировна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №287 көлікжай |
| 104. | Павлов Владимир Александрович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №288 көлікжай |
| 105. | Леонова Ольга Владимировна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №289 көлікжай |
| 106. | Попов Александр Алексеевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №291 көлікжай |
| 107. | Батрак Зинаида Николаевна, Батрак Виктор Николаевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №292 көлікжай |
| 108. | Батрак Зинаида Николаевна, Батрак Виктор Николаевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №293 көлікжай |
| 109. | Горгулев Андрей Анатольевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №304 көлікжай |
| 110. | Сидоренко Валентина Корниловна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №306 көлікжай |
| 111. | Дроган Оксана Александровна, Дроган Дмитрий Геннадьевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №312 көлікжай |
| 112. | Улезько Татьяна Михайловна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №313 көлікжай |
| 113. | Суворова Людмила Алексеевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №319 көлікжай |
| 114. | Калюжный Валерий Павлович | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №320 көлікжай |
| 115. | Рязанов Вадим Николаевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №321 көлікжай |
| 116. | Исабеков Бауржан Турсунгалиевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №323 көлікжай |
| 117. | Ступник Ирина Евгеньевна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №326 көлікжай |
| 118. | Иваненко Людмила Егоровна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №330 көлікжай |
| 119. | Абдилдаева Гульнара Хабдехамитовна | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №331 көлікжай |
| 120. | Баюнов Виталий Викентьевич | 20-317-011-057 | Түрксіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №334 көлікжай |
